



ISSN 2518-198X (Print)  
ISSN 2663-5127 (Online)

# BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY

## PHILOLOGY Series

**№ 3(103)/2021**

**ISSN 2518-198X (Print)**  
**ISSN 2663-5127 (Online)**  
Индексі 74623  
Индекс 74623

**ҚАРАГАНДЫ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК** **BULLETIN**  
**КАРАГАНДИНСКОГО** **OF THE KARAGANDA**  
**УНИВЕРСИТЕТА** **UNIVERSITY**

---

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

**Серия ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY Series**

**№ 3(103)/2021**

Шілде–тамыз–қыркүйек  
30 қыркүйек 2021 ж.

Июль–август–сентябрь  
30 сентября 2021 г.

July–August–September  
September, 30<sup>th</sup>, 2021

1996 жылдан бастап шығады  
Издается с 1996 года  
Founded in 1996

Жылына 4 рет шығады  
Выходит 4 раза в год  
Published 4 times a year

Қарағанды, 2021  
Караганда, 2021  
Karaganda, 2021

*Бас редакторы*  
филол. ғыл. д-ры  
**Ж.Ж. Жарылғапов**

*Жауапты хатыны*  
PhD, асист. проф  
**И.В. Григорьева**

*Редакция алқасы*

- Ш.М. Мәжітаева,** филол. ғыл. д-ры, акад. Е.А. Бекетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**В.Т. Абишева,** филол. ғыл. д-ры, акад. Е.А. Бекетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**У.М. Бахтикеева,** филол. ғыл. д-ры, РХДУ ШТИ, Москва (Ресей);  
**С.А. Матяш,** филол. ғыл. д-ры, Орынбор мемлекеттік университеті (Ресей);  
**М. Джусупов,** филол. ғыл. д-ры, Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университеті, Ташкент (Өзбекстан);  
**Н.И. Букетова,** филол. ғыл. д-ры, «Лингва» Орталық Қазақстан академиясы, Қарағанды (Қазақстан);  
**Н.Ж. Шаймерденова,** филол. ғыл. д-ры, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы (Қазақстан);  
**К.А. Төлеубаева,** филол. ғыл. канд., акад. Е.А. Бекетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**И.С. Насипов,** филол. ғыл. д-ры, М. Ақмolla атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Уфа (Ресей);  
**З.К. Темиргазина,** филол. ғыл. д-ры, ППУ, Павлодар (Қазақстан);  
**А. Бочковска,** ғылым докторы, Николай Коперник университеті, Торунь (Польша)

*Редакцияның мекенжайы:* 100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-си, 28

Тел.: +7 701 619 36 56, (ішкі 1026); факс: (7212) 35-63-98.

E-mail: vestnikku@gmail.com. Сайт: philology Vestnik.ksu.kz

*Редакторлары*

Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, Д.В. Волкова

*Компьютерде беттеген*

Г.Қ. Жанбосова

**Қарағанды университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы.**

**ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online).**

Меншік иесі: «Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 30.09.2020 ж.  
№ KZ16VPY00027386 қайта есепке қою туралы күелігі.

Басуға 29.09.2021 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8. Қағазы оффсеттік. Қолемі 18,37 б.т. Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 69.

«Акад. Е.А. Бекетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасының баспаханасында басылып шықты.  
100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-си, 28. Тел. (7212) 35-63-16. E-mail: izd\_kargu@mail.ru

*Главный редактор*

д-р филол. наук  
**Ж.Ж. Жарылгапов**

*Ответственный секретарь*

PhD, асс.-проф.  
**И.В. Григорьева**

*Редакционная коллегия*

- Ш.М. Мажитаева,** д-р филол. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**В.Т. Абишева,** д-р филол. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**У.М. Бахтикеева,** д-р филол. наук, ИИЯ РУДН, Москва (Россия);  
**С.А. Матяш,** д-р филол. наук, Оренбургский государственный университет (Россия);  
**М. Джусупов,** д-р филол. наук, Узбекский государственный университет мировых языков, Ташкент (Узбекистан);  
**Н.И. Букетова,** д-р филол. наук, ЦКА «Лингва», Караганда (Казахстан);  
**Н.Ж. Шаймерденова,** д-р филол. наук, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы (Казахстан);  
**К.А. Толеубаева,** канд. филол. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**И.С. Насипов,** д-р филол. наук, Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы, Уфа (Россия);  
**З.К. Темиргазина,** д-р филол. наук, ППУ, Павлодар (Казахстан);  
**А. Бочковска,** хабилитированный доктор, Университет Николая Коперника, Торунь (Польша)

*Адрес редакции: 100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28*

Тел.: +7 701 619 36 56; (внутр. 1026); факс (7212) 35-63-98.

E-mail: vestnikku@gmail.com. Сайт: philology-vestnik.ksu.kz

*Редакторы*

Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, Д.В. Волкова

*Компьютерная верстка*

Г.К. Жанбосова

**Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология».**

**ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online).**

Собственник: НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова».

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на учет № KZ16VPY00027386 от 30.09.2020 г.

Подписано в печать 29.09.2021 г. Формат 60×84 1/8. Бумага офсетная. Объем 18,37 п.л. Тираж 200 экз. Цена договорная. Заказ № 69.

Отпечатано в типографии издательства НАО «Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова». 100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28. Тел. (7212) 35-63-16. E-mail: izd\_kargu@mail.ru

© Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова, 2021

*Main Editor*

Dr. of philol. sciences  
**Zh.Zh. Zharylgapov**

*Responsible secretary*

PhD, Assistant Professor  
**I.V. Grigoryeva**

*Editorial board*

<b>Sh.M. Mazhitaeva,</b>	Dr. of philol. sciences Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
<b>V.T. Abisheva,</b>	Dr. of philol. sciences Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
<b>U.M. Bahtikireeva,</b>	Dr. of philol. sciences Peoples' Friendship University of Russia, Moscow (Russia);
<b>S.A. Matyash, M. Dzhusupov,</b>	Dr. of philol. sciences Orenburg State University (Russia); Dr. of philol. sciences Uzbek State University of world languages, Tashkent (Uzbekistan);
<b>N.I. Buketova,</b>	Dr. of philol. sciences Central Committee "Lingua", Karaganda (Kazakhstan);
<b>N.Zh. Shaimerdenova,</b>	Dr. of philol. sciences Al-Farabi Kazakh National University, Almaty (Kazakhstan);
<b>K.A. Toleubaeva,</b>	PhD. Philol. Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);
<b>I.S. Nasipov,</b>	Dr. of philol. sciences M. Akmulli Bashkir State Pedagogical University, Ufa (Russia);
<b>Z.K. Temirgazina, A. Baczkowska,</b>	Dr. of philol. sciences PPU, Pavlodar (Kazakhstan); Habilitated doctor Nicolaus Copernicus University, Torun (Poland)

*Postal address:* 28, University Str., 100024, Karaganda, Kazakhstan

Tel.: +7 701 619 36 56, (add. 1026); fax: (7212) 35-63-98.  
E-mail: vestnikku@gmail.com. Web-site: philology-vestnik.ksu.kz

*Editors*

Zh.T. Nurmukhanova, S.S. Balkeyeva, D.V. Volkova

*Computer layout*

G.K. Zhanbossova

**Bulletin of the Karaganda University. "Philology" series.**

**ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online).**

Proprietary: NLC "Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov".

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.  
Rediscount certificate No. KZ16VPY00027386 dated 30.09.2020.

Signed in print 29.09.2021. Format 60×84 1/8. Offset paper. Volume 18,37 p.sh. Circulation 200 copies.  
Price upon request. Order № 69.

Printed in the Publishing house of NLC "Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov".  
28, University Str., Karaganda, 100024, Kazakhstan. Tel. (7212) 35-63-16. E-mail: izd\_kargu@mail.ru

---

# **МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS**

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

<i>Ибраимова Ж.Ж.</i> Қазақ прозасындағы ашаршылық тақырыбы.....	7
--	---

### **ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS**

<i>Rakhmetova A.T., Temirgazina Z.K., Nikolaenko S.V., Ryspai S.A.</i> "Native among foreigners, foreign among natives": on the issue of linguistic identity .....	16
<i>Ажарбекова Э.Н., Мажитаева Ш., Рапишева Ж.Д.</i> Адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдердің бағалауыш мәні .....	25
<i>Ергалиева С.Ж., Уайханова М.А., Оленев С.В.</i> Саяси дискурстың лингвоаксиологиялық әлеуеті (қазақстандық интернет-түсіндірме материалдары негізінде).....	32
<i>Куанышева А.Б.</i> Специфика метафорического образа в устойчивых сочетаниях эпохи Московской Руси (на материале «Словаря русского языка XI–XVII вв.»).....	39
<i>Baktiyarova R, Yessenova K.</i> Relationship between the concepts «businesswoman» and «successful woman» .....	48
<i>Әбиденқызы А.</i> Қытай тіліндегі идиомалық сөздердің ұлттық ерекшелігі және оны қазақ тілді аудиторияда оқыту әдістері .....	55
<i>Мудровская А.М., Темиргазина З.К., Лучик М.</i> Репрезентация эталонов красоты человека в сравнительных оборотах русского языка.....	61
<i>Abasilov A.M.</i> Issues of social differentiation of language and problems of code-switching.....	68
<i>Солодовникова Т.В.</i> К построению социальной семиотики рекламной коммуникации: культурный контекст (на примере Республики Беларусь).....	77
<i>Alshynbayeva M.A., Veselinov D.</i> National and cultural specificity of stable expressions with the zoonymic component «wolf» in English and Kazakh languages .....	83
<i>Кенжебекова Р.С., Сабитова Л.С., Ибраева Б.М.</i> Об изучении глаголов движения в разносистемных языках.....	93

### **ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОТЕЧЕСТВЕННОГО И ЗАРУБЕЖНОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ ACTUAL ISSUES OF DOMESTIC AND FOREIGN LITERARY CRITICISM**

<i>Benčić S., Kharitonova L.</i> Literary tourism and its role in the study of culture (based on the material of the life and work of Dusan Makovitsky).....	102
<i>Bazylova B.K., Dautova S.B.</i> The author's conception on a historical personality in Nurlan Sanzhar's novel «The Unexpected Guest-Jochi».....	111
<i>Абдикаирова А.Ж., Жұмағұл С.Б.</i> Этнопоэтиканың теориялық аспектілері.....	120
<i>Жарылғапов Ж.Ж., Оразова Б.О.</i> Қасым Аманжолов поэзиясындағы көркемдік кеңістік пен уақыт.....	126

---

**ҚАЗІРГІ ЛИНГВОДИДАКТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВОДИДАКТИКИ**  
**PROBLEMS OF MODERN LINGUODIDACTICS**

<i>Keller-Deditskaya E.R., Akisheva Zh.S., Kucherenko O.F.</i> Padlet online board as a tool for interconnected teaching of speech activities in Russian as a foreign language classes .....	132
<i>Toktanova A.K., Dzhakipbekova M.T., Erkhozhina Sh.L.</i> Philosophical aspects of the development of linguistic reflection of the individual .....	138
<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР — СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ — INFORMATION ABOUT AUTHORS .....</b>	<b>146</b>

---

## РУХАНИ ЖАНГЫРУ

DOI 10.31489/2021Ph3/7-15

ӘОЖ 82–95:821.512.122

Ж.Ж. Ибраимова\*

*Академик Е.А. Бекетов атындағы Караганды университеті, Қазақстан  
(E-mail: flowervictory85@gmail.com)*

### Қазақ прозасындағы ашаршылық тақырыбы

Мақалада XX ғасырдың 1920–30-шы жылдарында елімізде болған ашаршылықтың қазақ жазушыларының шығармаларында көрініс табуы туралы баяндалған. Бұл орайда Ж. Аймауитов, Б. Майлин, Н. Ахметбеков, Н. Баймұратов, Ж. Сыздықов сияқты ақын-жазушылар бірден еске түседі. Сол тұста ашаршылық жөнінде ашып айтуға қатаң тыйым салынғандықтан, осы тақырыпты шығармаларына арқау еткен қаламгерлерге «халық жауы» деген айдар тағылып, репрессияға ұшырағаны белгілі. Тек КСРО ыдырауының соңына қарай қазақ жазушыларының еңбектері шыға бастады. Бірте-бірте зұлмат жылдар шындыбы қазақ халқына да жетті. Бұл мәселеге Ф. Мұсірепов, М. Магауин, С. Жұнісов, Қ. Жұмадилов, Ш. Мұртаза, Қ. Қазыбаев, С. Елубай, З. Жәкенов, Ж. Башар, Х. Сейткемелов, Б. Жандосай, М. Қозыбаев, С. Ләмбекұлы қалам тартқан. Осы мақалада кейір шығармалар арқылы жазушылармыздың қоғам өмірін, заман тынысын қалай шынайы суреттеп, сол дәүір адамдарының сан қырлы портретін жасаудағы шеберлік қырлары сипатталған. Қазақ жазушыларының шығармаларындағы ашаршылық мәсесесін талдау, олардың жалпы гуманистік мағынасын түсіну — мақаланың жаңашылдығы. Өйткені ашаршылық тақырыбына қалам тербереген жазушылардың еңбектеріне әдеби-лингвистикалық түрғыда талдау жасаған еңбектер көп емес, яғни тіл білімінде, әдебиеттануғынында әлі зерттеуді күтіп тұрган мәселе. Соңдықтан бұл келешек үрпактың тілге тиек ететін тақырыбы болмақ дей отыра, автор уақыт өте келе бұл мәселе қайта ойлау мен түсіндіру әдісіне айналады деген корытынды жасайды.

*Кітт сөздер:* аштық тақырыбы, қазақ прозасы, әйел бейнесі, қазақ даласы, тарихи апат.

### Kiricne

Мамыр айының 31-нде Қазақстанда саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. 1997 жылы осы ұмытылмас күнді белгілеу туралы Жарлық шығып және 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне айналды. Осы ұмытылмас күннің атауындағы «ашаршылық» деген сөз кейіннен пайда болды, бірақ қазақ даласында осы ашаршылықты сол кездегі саяси акциялардың біріне жатқызуға болатынын бәріміз жаксы түсінеміз. Осы ашаршылық «голосщекиндік» деп аталағы жүр, қазақ тілінде ол ашаршылық деп айтылады [1]. Бұл күн — тарихты еске түсіру, сталиндік жүйенің қорқынышты кезеңдерінде құрбан болған адамдарға тағымы ету мүмкіндігі. 1930-шы жылдардағы халық трагедиясы: тәркілеу, ұжымдастыру туралы БАҚ құралдары өз алдына, тіпті көркем шығармаларда да ұзак уақыт көрініс таба алмай жүрді. Бұған, әрине, объективті себептер болды: ұзак уақыт бойы аштық туралы сөз қозғауға тыйым салынып келді.

Жазушы В. Михайлов материалдар жинау барысында бұл тақырыпқа қатысты, қазақтардың ең қорқынышты қасіреті туралы, халықтың 40 пайызға жуығы ашаршылықтан қаза болғаны туралы ешқандай көлемді, қомақты ақпарат таба алмағанын, тек шағын, шашыранқы деректер мен естеліктер тапқанын айтады. Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» кітабынан басқа неге басқа шығармалар жоқ? Осы тақырыпта Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының деңгейіндегі шығарма неге жоқ деп сұрап

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: flowervictory85@gmail.com

қойып, оған өзі байлай жауап береді: «Менің ойымша, бұл қазақ жазушыларына айта-айта жауыр болған тақырып болды ма, жазуга рухани күштері қалмады ма? Мүмкін, олардың жеке қайғы-қасіреті соншалықты зор болғандықтан, ол туралы жазу да ауыр тиді ме? Қазақтың басынан өткен бұл трагедия соншалықты ауыр, ол туралы тек үлкен суретші ғана айта алатын шығар», — дейді [2].

В. Михайлотовтың сұрағына жауапты Мұрат Әуезов бергендей: «Смағұлдың ашаршылық туралы айтуға жаппай тыйым салу дәуірінде бар шындықты жазуга батылы жетті, өйткені бұл тақырып оның ар-ұжданын, жүргегін күйдірді. «Ақ боз үй» әдеби дерек қана емес, бұл азаматтық ерлік актісі» [3].

Негізі әдебиетті құжат деп айтуға әбден болады. Әдебиет нақты немесе ойдан шығарылған оқиғалардың көркемдік сипаттамасын ғана емес, одан да көп нәрсені қамтиды. Тарихи оқиғалар туралы деректер аз болған жағдайда, мәселен, ашаршылық тақырыбына әдебиеттің өзі куә бола алады. Көркем шығармалардың реңи құжаттардан айырмашылығы, олар жеке адамның эмоциясын, өмірлік тәжірибесін нақты жеткізе алады.

Біздің қазақ үшін XX ғасырдағы сұрапыл оқиғалардың арасында 1921 және 1931–1933 жылдар аумағын қамтыған ашаршылықтың алатын орны айрықша зор болды. Өмір бойы қазақтың жанына батып, адамзаттың жаһандық тарихи-әлеуметтік мәселесі болып келетін ашаршылық көркем сез әдебиет шеберлерінің де назарларын аудармай қоймады, өзекті әдеби мәселелерінің біріне айналды.

Қазір қазақ қоғами қолдан жасалған ашаршылықтың мақсатын жаппай кісі өлтіру деп ашық, қорықпай айтып жүр, өкінішке орай, 1931–1933 жылдардағы ашаршылықты кейбір мемлекеттер мойындауға асықпайды.

Біздің ата-бабаларымыздың неден өткенін түсіну, Қазақстанның тоқсан жыл бұрын бастан қандай құрделі оқиғаны өткергенін сезіну үшін біз ашаршылық тақырыбын сөз еткен көркем шығармаларға шолу жасап, оқырмандарға қоғам өмірін, заман тынысын шынайы суреттеу арқылы сол дәуір адамдарының сан қырлы портретін жасаудағы шеберлік қырларына көз жүгірткіміз келеді. Қазақ жазушыларының шығармаларындағы ашаршылық мәселесін талдау арқылы, олардың жалпы гуманистік көзқарасын түсінуге талпыныс жасадық. Яғни, елімізде 1921–1922, 1931–1933 жылдары болған ашаршылық көркем шығармаларда әлеуметтік-тарихи проблема ретінде ғана емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік, моральдық-этикалық мәселе ретінде қарастырылатынын жеткізгіміз келеді.

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

«... егемендігіміз еңсесін көтергенше, бізде бұл тақырыпта туынды тудырып, оны баспа жүзінен шығара қою аса қынға түсті. Бұл ретте біздің ойымызға алдымен Бейімбет Майлииннің 1921 жылғы ашаршылық туралы жазылған «Берен», «Қырманда» атты повестері, «Күлпәш», «Ашаршылық құрбаны», «Айт құндері» деген әңгімелері, Нұрхан Ахметбеков пен Нұрлыбек Баймұратовтың поэмалары оралады. Сол сияқты Жұсіпбек Аймауытовтың «Елес» деп аталатын әңгімесі болды. Ал Жақан Сыздықовтың 1927 жылды жазылған «Әлі қарттың әңгімелері» дейтін поэмасы 1940 жылды кітап болып шыққан бойында өртеді. Содан бастап бұл тақырыпта жазуға тыйым салынды. Сондықтан сол бір зобалаң жылдар туралы сөз бола қалғанда, оны «асыра сілтеу кезеңі» деуден арыға бара алмадық. Дегенмен қаламгерлеріміз бұл тақырыпты «жанбыр-жанбырдың арасымен» қозғап тұруды да ұмыта қойған жоқ. Ал бұл тақырыпты жазба жүзінде аянбай ашық қорсете алатын нағыз ақжарылқап кезең республика тәуелсіздікке қол жеткізіп, дербес мемлекет атанған мезгілден бастап қана туды», — дейді Е. Сағындықұлы [4]. Ашаршылық тақырыбына жазушыларымыз қалам тербел, көптеген құнды шығармаларды ұрпакқа аманат етті. Атап айтсақ, Б. Қыдырбекұлы «Алатау», А. Мекебаев «Құпия қойма», Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» («Тамұқ», «Қыл көпір» бөлімдері), Қ. Қазыбаев «Сұрапыл», С. Елубай «Ақ боз үй», З. Жәкенов «Зұлмат», С. Жұнісов «Заманай мен Аманай», Қ. Жұмаділов «Аранға түскен аққулар», М. Мағауин «Сары қазақ», «Бір уыс бидай», Н. Ақыш «Ракымсыз көктем», Т. Сәукетаев «Құзғын тойған қыс», Н. Қапалбекұлы «Жерошақтың түтіні», Х. Сейткемелов «Шұбырынды қанды босқын», Б. Жандосай «Шошқаның құмы», М. Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты», С. Ләмбекұлы «Арыстар», Ж. Башар «Қабір үстіндегі зұлмат», Қ. Еспенбетов «Күреңбел қасірет», А. Есілбай «Асылдың сынығы». Тіпті осы қарапайым көркем проза тізімі ашаршылық кезіндегі жалпы гуманистік-рухани өзгерістерге құжаттық дәлел бола алады.

Публицистикалық тұрғыда Е. Сағындықұлының «Жұрттымыздың жартысын жалмаган» [4], М. Қалдыбай «Голощекин қалай орнынан алынды?» атты мақалары және тағы басқа ізденушілердің мақалалары да баршылық [5; 66–69].

Мақаламызда Б. Майлин, М. Мағауин, С. Елубай, Ж. Башар, Б. Қыдырбекұлы, Б. Жандосай сияқты қазақ жазушыларының ашаршылыққа байланысты жазған шығармалары пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында негізінен филология ғылымында басшылыққа алынатын мәтінді ірікеп-бағытталған талдау, әртүрлі жазушылардың шығармаларын жинақтау, салыстыру, қорытындылау әдістері алынды.

### *Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Мақалада алдымен көркем шығармада бейнеленген ашаршылық жылдарындағы әйел образына көз жүгіртпекіз. Көркем әдебиет әрқашан кейіпкерлердің идеялары мен бейнелерінің терендігімен ерекшеленеді. Фасырдан ғасырға ұрпақтың қозқарасы мен тәрбиесіне, сондай-ақ автордың инициативасына байланысты әйел бейнесін сомдау да өзгеріп отырған. Авторлар әрдайым кейіпкерлер мен оқырмандарға маңызды сұраптар қойып, оларды шешу жолдарын іздеуге, оларға жауап беруге және қоршаған шындықты нақты сипаттауға тырысты. Жазушылар зұлмат жылдарындағы әйелдің қасиетін, мінезін, дүниетанымын мүмкіндігінше шынайы бейнелеуге тырысқан. Негізінен жиырмасыншы ғасыр әдебиетінде әйел бейнесі үйлесімді және шыншыл кейінде көрсетілген.

Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, реалист жазушы Бейімбет Майлин өзінің «Күлпәш» (1922 ж.) деген әңгімесінде ашаршылық кезінде санағы өзгерген, аштықтан психикалық және дене азабы, мінез-құлқы мен іс-әрекеттері өзгерген әйелдердің қайғылы өмірін суреттейді. «*Устінде, өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның сыртында тозығы жетіп тулаққа айналған қысқа ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың жұрнағы. Бет-ауды қонектей ісік; тоңып бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұңайып, терең ойга шомған адамша Күлпәш отыр.*

...Аштықтан басқа Күлпәштың мазасын алатын тағы бір ой бар еди... Күлпәштың бірге тұган сіңлісі Раушан келіп Күлпәшты азғырған: — Осы жаманмен біраз күн өмір өткіздің гой. Ендігі қалған өмірінді қорлыққа салма... жыл болса ауыр, осы бастан азбас, тозбас қамынды ойла... — деген.

...Арадан екі-үш ай өткен соң аштық шеңгелін қаттырақ салды. Тұрмыс түрі қындыққа айналған соң, әсіресе, баласының тамақ сұрап жылаганына жасын төзбеген соң, кейбір кейістік тартақтан уақыттарда Күлпәштың ойына Раушанның сөзі түсестін болды. Бірақ, ол сөздің өзіне пайдалы, я зиянды екенін бұл уақытқа шейін айырып білген емес. Әйткенмен соны ойлайды, неге ойлайтынын өзі де білмейді...

...Жүргегінде таласып тұрған екі ой бар: «Жұмагазыға тисем, тамағым тоқ, көйлегім көк болар еди... Қалижанды да аиықтырмаяуга болар еди...» деген ойлайды; «Жастан қосылған қосағым еди. Оны жылатып тастаганда не оңам!..» деген те ойлайды. Екі ойдың бірі жеңіп шыға алмай, өзі қатып отырған Күлпәштың басын одан жаман қатырады...

... Жұмагазыға тигеніне жиырма күндей болған. Аштықтың қанды тырнағы Күлпәшты бұған да көндірген. Бірақ аштықтан құтылған екем деген қабагы ашилған Күлпәш жоқ... Дүниедегі ең жақсы көретіні байы мен баласын ренжітіп, өзінің бас сауға қылыш кеткенін Күлпәш енді ар көре бастады. «Өлсем солармен бірге өлсем болмайтын ба еди?!» деген ой кірді. Бір жасынан Мақтыйм жайын ойлайды. Ала дорбаны мойнына іліп алып таңмен тамақ ізден кетсе, тапсын-таппасын кешке бір оралып соқтай қоймайды. Сондагы азаптанып жүргенде қатын-баланың қамы, соларды аштан өлтірмейдің жабдығы, сөйтіп жүрген адамның кадірін білмей тастап кететін не жөні бар еди?!.» [6; 79].

Осы үзіндіден аштықтың қамытын мойнына ілген Күлпәштің ойынан біз қазақ халқына, қазақ әйеліне қандай ауыртпалық тұскенін айдан анық көріп тұрмыз. Тіпті кейіпкердің үстіндегі жұпымының киімінен, басындағы баспанасынан кедейліктің лебі есіп, Күлпәш пен оның отбасы жағдайының адам төзгісіз ауыр жағдайы көрініс береді. Автордың осылай суреттеуі шарасызы, қолынан келер дәрмені жоқ Күлпәштың аштықтың қанды тырнағынан құтылып, бауыр еті баласы Қалижанды аштықтан алып қалудың қамын ойлады, Жұмагазы шалға тоқал болуға келісім бергенін түсінікті етеді.

Осы тақырыптағы жазушы Мұхтар Мағауннің «Бір уыс бидай» әңгімесі — 1931–1933 ашаршылық жылдарындағы бір отбасының трагедиясы арқылы тұтас ұлттың қасіретін көрсетуді максат етеді. Мұнда да басты кейіпкер — әйел. «Бұл өзі қаусаған кәрі кемпір еди. Еріндері қарайып тобарсыған. Бүкіл өмірін азаппен өткізгендігінің күдіндей айқыш-ұйқыш әжім басқан беті шаң топырақ пен қауыздың угінділерінен көрінбейді. Бірақ арып еті қашқан шығыңқы бет сүйектері мен шүңгірейіп ішіне кіріп кеткен жанарсыз қоздері оның өмір бойы көрген бейнетінің бәрін де осы соңғы

бірнеше күннің азабы басып кеткенін аңғартқандай... Бетін сипады. Қайта сипады. Кепкен тери. Қу сүйек. Үңгірейген көз. «Көлденең біреу түрімді көрсө, мені қырықта деп қалай айтар...» [7; 6] деп берілген портреттік сипаттауда Алмажанның отыздан енді асқан жан екендігінен ешқандай белгі де жоқ. Бұтін қазақ халқының басына түскен қалың қасіреттің салдарын автор осы бір өмірден ракат көрмеген шынашақтай әйелдің портретіне сыйғыза білген.

«...Алмажсан оқыс қармалап, кимешегінің етегіндегі түйіншекті дірілдеген саусақтарымен шешіп, қолына алып еді, бидайы бір-ақ уыс болды... Алмажсан қолындағы бір уыс бидайын кимешегінің етегіне қайтадан түйіп алмақ болып ыңғайлана бергені сол еді, Бақанастың басынан бір тоң кісі көрінді. Өңшең сәйгүлік мінген, жүрістері сүүк... Кепеу нәшәндігі Шупин екен. Қасында белсенді Қазақтай, мілісә Арқатбай және мылтығы шошайған тагы үші-төрт орысы бар. «Мынау халық жауының қатыны қырманнан астық ұрлап жүр!» — деді атынан секіріп түскен Қазақтай. — Қабын қайда? Қорсет!» ... Бірақ бір уыс бидай жұмылған алақан ашылмады. Тарамыс саусақтар тас болып қатып қалыпты. Қалай жұлқыласа да болмады...» [7; 7]. Алмажан өлемін деп қорықпай, ақтық демі қалғанша алақанындағы бір уыс бидайын бермей, өлімді қарсы алады. Новелладағы бірнеше шолақ белсенділерге қайсаrlықпен көнбекен әйелдің бейнесі оқырманға ерекше әсер етеді. Алмажанның тағдыры сол зұлмат жылдарында баласын қалай да тірі қалдырамын деп, бір уыс бидай жолында жан ұшырган бүкіл қазақ әйелдерінің басында болса керек.

Кеңестің қолдан жасаған аштық жылдарында қазақ халқына жасаған зұлымдығы соншалық тілті 1932 жылы 7 тамызда «Социалистік мұлікті ұрлаған, талан-тараж еткендерді қылмыстық жауапкершілікке тарту» туралы заң шығарады. Нұрбек Бекбаудың «Ғаламда болмаған геноцид» деген мақаласында «Осы баппен одақ көлемінде 125 мың адам масақ тергені үшін, жүк көліктерінен кішігірім төгіліп қалған бидайды жинағаны үшін түрмеге қамалып, оның 5400-і атылды. Осы бидай масағын терем деп, түрмеге түсіп, атылып кеткендердің дені — қазақ әйелдері еді... «Қалаға кіргізбендер!» Қорадағы бүкіл малын Совет үкіметі тартып алған соң, ауылдағы ағайын қалаларға ағылды» деп көрсетілген [8].

Тура осы көрініс біз талдап отырған М. Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесінде айдан анық берілген: «Түйелерің жайылып жүрген далаларыңа кетіңдер!» Дүние-ай! Кетер еді-ау, сол далага, тіпті, бұрын құбыжықтай көретін жат халық жайлалған қаланың маңынан жүрмес еді гой, кешегі күні болса! Қазан-қазан асылған семіз бағлан қайда, сапурулы сары қымыз қайда? Даңа! Саган өң аяғы, үсті-басы күл-топырақ, арық қарақайыс түйенің өзі де көрік береді екен гой! Сол далада бүгін жайылып жүрген түйе түгілі, ін аузында кешкілікте шақылдан отыратын сарыңақты да көрмейсің. Ініне су құйып, тұзақ құрып ұстап алып, оларды да жеп тауысқан» [7; 10]. Қарап отырсақ, қазақ өмірін суреттеген сүмдік шығарма. Бір уыс бидай, бір үзім нанға зар болған сол нәубет жылдар туралы оқығанда, естігенде, бүгінгі күнге, бүгінгі барышылыққа, тоқшылыққа сансыз шүкір дейсін.

Осы жерде айта кететін жайт: Мұхтар Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесінің желісімен қысқаметтражды фильмі түсіріліп, көрерменге жол тартты. Фильм авторлары Серік Әбікенұлы, Данияр Мұстафаев. Әрине режиссерлер әңгіменің фабуласын негізге алғанымен, өзіндік көркем жаңаша шешіммен, өзгеріспен сомдаған.

Жазушы Жанболат Башардың «Қабір үстіндегі зұлмат» атты повесі де жоғарыда талданған шығармаларды толықтыра түседі. Мұнда аштықтан бұралған қазақ халқы ауылдарынан нәр таба алмаған соң қалаға қарай шұбырғаны, алайда жергілікті кеңес жандайшаптары оларды қалаға кіргізбек, аштықтан ашық өлімге итермелегені былай суреттеледі. «Аштықтан жсан сауғалаған ауыл қазақтары «көлге жетсек, балық жесек те өлмеспіз» деп шұбырып, жсол-жөнекей ашық аспан астында аштан, кебінсіз, көмусіз қалды. «Көлден балық аулап жейміз» деген қыр қазагы су жағасында жайрап жатты... Болашақ өндіріске іргелес жатқан ауылдардан жан-сақтауга ағылған қисасызы қазақ үшін Балқаш құрылышы: ақтық үміт, соңғы таяныш еді. Мұқым ел Балқаш құрылышынан пана іздел, кокше көлді бетке алып, жүздеген шақырымдық шөлді кесіп өте алмай, сүйегі шашылып жолда қалды... Аштыққа ұрынған қазақтарды мұнда күтіп отырған ешкім жоқ... Бұлар Өтайдың қамқорлығы арқасында ажсалдан сәл де болса алыстағанымен, әлі де тұрақ таба алмай тентіреп жүрді. Асханаларды төңірекtedі, «солар күресінге бірдеме төге ме, төге қалса содан нәпақа табыла ма?» деген құнсыз үміт. Келесі күн Елхан анасы екесін көл жағалап «толқын шығарып тастайды-ау» деген балықты аңдыды... Ертеңінде Елхан кешегі нан таратқан жерге келді. Күн ілгерідегі құжынаған адам жоқ. Сан тыйылған. Не деген жауыздар?! Аштарға көмектескен болып оларды уап өлтіргендері бала санасына сыйр емес. Жүргегі қан жылады. Әлгі

*тірсегі-тірсегіне согылып, аш-жалаңаш жүрген балалардың бірі де қалмаган, түгел тегін таратқан ақ нанды жеп көз жұмғанын білді. Бұдан өткен зұлымдық болар ма?!* Бала Елхан мұның сырын түсіне алмады. Кейін де ол осы жағдайды жиі есіне алып, ойна түскен сайын еңесең жашиыған ауыр мұңға батып, жүргегі жылап тұратын. Қаршадайынан осындай аяусыз қиянатты көрген ол, қалай да мына зұлматтан тірі қалсам деген жалғыз тілекті ойнан шығарған емес. Әзірге қасында аласы бар» [9; 55–73]. Шығармадағы оқиға нені мензеп тұр??

Бала Елхан образы зобалаң жылдардағы бүкіл қазақ балаларының прототипі сияқты.

Қазақтың классик жазушысы 1932 жылы Ғабит Мұсірепов төрт жолдасымен бірге краикомға ұжымдастырудығы асыра сілтеулер туралы хат жазғаны бәрімізге белгілі. Әрине олардың бәріне ұлтшылдар деп айып таққан екен. «Егер сен өз халқың үшін уайым жеп жүрсөн, Торғайға барып, онда аштық жоқ екенине көзінді жеткіз», — деп оған Голощекин құлліпті.

Осы жайында В. Михайловаң «Фаламат жұт шежіресінде» қазақтың классигі Ғабит Мұсіреповтің өз басынан өткізген оқиғаны баяндайтын естелігі берілген. Ғабит Мұсірепов — қарастында адамдардың өліктерін, қатар-қатар жатқан мәйіт үйінділерін өз көзімен көрген адам. Жанжағы өлі адамдар, ол осы құнға дейін бұдан асқан қорқынышты көрмеген екен: көз алдында мұлдем бос ауылдар, еш жерде тірі жан жоқ. «Ақ қардың үстіндегі ақ шаңқан киіз үйлердің өлі қаласы ғана». Ғабит бір киіз үйге, екіншісіне кірсе, бәрі орнында, бірақ адамдар жоқ. Өмір бір сәтте тоқтаған сияқты, ал адамдар бір мезетте жоғалып кеткендей. Мұсіреповтің көзінен ерекше бай алты қанатты киіз үй түседі. Қасындағы серіктестерімен үйдің ішін мұқият қарайды... Сол үйде жалғыз аман қалған тіршіліктің түрін былай сипаттайды: «*Ұзын шаштары қанға бітіп мұз қырау сияқты түйдектелген, қап-қара екі аяғы сидиған, қара қарғаның мүйіз аяқтарына ұқсайды. Екі көзі есі жоқ бейнені танытады, екі беті қанға боялған, ернінен жас қаннның ағып тұрган ізі көрінеді. Ақсиган тістерін жыртқышқа ұқсатады, аузында көбікті қан. Зәре-құты қалмаган төртейі де бір сәт мелишип тұрып қалады да, алды артына қарамай қаша жөнеледі. Артына бұрылған кезде жаңағы жәндік гайып болып кетіпті.*

«*Бұл естелікті оқып отырған адам өзін бір жаңтурушілерлік, қорқынышты фильм көріп отырғандай сезінетін шыгар.*

Осы тәріздес ата-анасынан айырылған балалардың өмірі, көрген қынышылығы аштық жайлалған Украина, Поволжье жерлеріндегі балалар тағдырымен ұқсас екені даусыз. Аштан қайтыс болғандардың соңында көбіне балалар қалып қойған, өйткені аналар қолдарынан келгеннің бәрін беруге тырысқан. Тулакты қазанға қайнатып, баласының көңілін жұбатқан қайран ананы көптеген шығармалардан көруге болады. Бұл нәубет кезінде балаларын көтеріп жүргүре әлі қалмаған ана, киіз үйдің ортасына «шөлдесе балам ішер» деген үмітпен су қойып, есігін сырықпен тіреп, көз жасы көл болып, әрең ілбіп, жұрт соңынан ереді, оның көзінен жас емес қан аққандай еді, міне, ашаршылық қасіреті... Әдетте, өмірдің барлық қасіреттері, ең алдымен, ең қорғансыз адамдарга, негізінен балаларға әсер етеді. Қошедегі балалар проблемасы тарихтың әртүрлі кезеңдерінде, ең алдымен аштық, эпидемия, соғыс және басқа да ауыр апаттар кезінде ерекше өткір болды.

Ал жазушы Б. Қыдырбекұлының «Алатау» романында балалардың ауыр жағдайлары былай аянышты берілген:

«*Көрісіне де кірдік. Бұл қасқыр етіне таласқан Беріккүлдың үйі. Ол жалғыз басты жігіт еді. Ол да төрі алдында жатыр. Жансыз. Жаңағы иіс осы Беріккүл үйінде де бар. Шамасы менің жобам дұрыс. Осылай тогыз үйге кірдік. Бір де бірінде тірі адам жоқ...* Он екі жасар қызы бұрышта бүрісіп отыр. Зорға сөйлейді. Қазанда бірдеме қайнап жатыр...

— Нұрқалық ага! Әкем кеше өлді. Қасқырдың етін жеді. Жеме десем болмады. Одан да мына жоңышиқаны жеу керек еді, — дейді. — Қоме алмай отырмын. — Не істей керек? Басқа түссе баспақыыл деген осы. Қамелетке жетпеген бала өлікпен бір үйде жатқан. Қалай ғана шыдарсың мұндағы сұмдыққа! Қара жер қалай қарс айрылмай, осындай пәлені бізге көрсетіп тұр. Бала жыламсырады. Жылай алмады. Кемсөңдеді де қойды. Аузы да икемге келмейді. Бұл кіргеніміз он төртінші үй. Он төрт үйде жалғыз он екі жасар қызы қалыпты.

... Сүйегіне ілініп тұрган баланың көзі аларып кеткен, бірдеме сұрауга да мұршасы жоқтайды. Жалбырап, жалдырап бізге телмірді де тұрды. Мойыны ыргайдай. Ол қылдырықтай мойын анау қара бүйра бөрікті басты қалай көтеріп тұр екен. Әйттеуір дene, аяқ-қол кім ішінде болғандықтан жүдеулігі көрінбейді. Суықтан болса да, аштықтан болса да баланың ауызы сөйлеуге келмейді.

— Аз, — деді бала, аяғындағы «а» ны айта алмады. — На..

*Мырзалин орнынан үш тұрып, үш отырды. Шыдамай кетті.*

Қолын артына ұстап түк көрінбей тұрған қыраулы терезеден тысқа қараған болады. Тыста не бар оған, мына баланың жағдайын көріп шыдай алмай тұр. Бала бір кезде бар күшін жинап бір сөз айтты:

— Аға-тай-лар! Ағ...

Мырзалиннің аяғы тыптырап, едені жоқ, топырак табанды тесіп жібере жаздады. Жерді теуіп-теуіп қалды. Немізді береміз. Өзімізде екі-үш күн аш едік. Мұндайда қалтаңа қолынды салып жіберіп, ең болмаса бір тілім наң алып, «мә, байқұсым, жей қойшы!» десен. Ой, шіркін-ай, ондай күнде болар ма екен. Осыларды ойлап жаңым шыдамай, не істерімді білмей, өз мәндайыма өзімнің қойып қалғанымды бір-ақ білдім. Жұдырығым жұмылып столға соғылды. Бала қайта бірдеме демек еді, аузы келмей кеңсеге құлап-ақ түсті...

Аш көзді, арық қара баланы жерден көтеріп, ұзын отырғышқа шалқасынан салып қойдым. Бала кеңсеге соңғы күшін жинап, ақырғы демін тартып, ақтық сөзін айта, көзін сата келген екен ғой. Қайтеміз, көмектесе алмадық. Арықтың жағасын жарып шығып, жаңа бас көтерген жас шыбық қыршын үзіліп кетті, бырт сынып мерт болды. Ой, шіркін, қатыгез дүние десенші! [10].

Сонымен бірге ашаршылық қазақ даласында қылмыстың өсуіне алып келді. Аштық адамдарды тек өлімге ғана әкелмейді, ол адамдарды ақыл-есінен айырады. Мұндай аштық көріністерінің бірі — адам жегіштік. Бұл — аштықтың сөзсіз серігі. Қай уақыт болмасын моралдық тұрғыдан әлсіз адамдар үнемі кездесіп отырады, олар бір сәтте адамдық қасиетін жоғалтып, хайуандық санатқа өтеді. Өкінішке орай, каннибализм қазақ даласына да келді. Біз мұндай жайтын жазушы Ж. Башардың жоғарыда аталған повесінде кездестіреміз: «Дәл осы сәтте қайдан тап болғаны белгісіз, қайыстай қатқан тапал қара кісі әлгілерге сайтандай сақ ете қалғаны. Келе сала еңкейіп су ішіп жатқан жастау әйелдің жауырын ортасынан бір тізесімен сылқ еткізіп басып қалды... сайтан-адам әйелдің басын суға батырып, тұншықтырып тастанады. Ол болса жанталаса жұлқынып, аяғы тыптырап, басын судан шығара алмай көпке дейін бұлқынып жатты. Онсыз да аштықтан дымы құрып келе жатқан сорлы әйел ақыры қанды қол қарақшының уысында қала берді. Бұл — ашаршылық жылы аштықтан әлі кетіп, қарыс жерге жете алмай арыған адамдарды тұншықтырып өлтіріп, етін жеп жүрген Құныс қорқау еді. Бұл тажалдың тажал екенін кейінгі жүрт естіп-блісе де оған тік келген жан болмады. «Кісі етін жегеннен кісі қорқады» деген содан қалған» [9; 68].

Жоғарыда талданған Б. Қыдырбекұлының «Алатау» романында мынандай дерек бар:

«Екеуміз қашқынды қуа жөнелдік. Нұрқалық жете беріп кекжелкеден бірді отырғызды. Анау етпетінен кетті де, тұруға қарманды. Нұрқалық үстіне міне түсті. Тағы да әлін кетіру үшін болар, оның басын желкесінен көтеріп, жерге соғып-соғып жіберді. Мен де жүгіріп олардың жанына жеттім.

— Бұл иттің баласын бес-алты күннен бері андып ұстай алмай жүр едім. Дода сіләнінде өлгендердің сан етін кесіп әкетті. Сіздерге айтпап едім, әдейі. — Нұрқалық алқынып отырып айтты, бұларды. Сөйтсек осындағы біреудің пайда болғанына бірнеше күн болған екен. Еті көп арымай өлгендердің күнде сан еті кесіліп қалып жүреді. Абұйыр сактап, өлген адамға жаман атақ келтірмеу үшін жергілікті адамдар мұны тіпті бәрі көріп тұрып, біріне-бірі айта алмай ішінен тынады. Мұның кім екенін де білмейді, алдымен мысық ойып жеп қойды деп жүреді жүрт. Бірақ адам еті пышақпен кесілгендігі белгілі болады. Содан кімнен көрерін білмейді. Сейтсе осыдан екі күн бұрын Дода сіләнінде өлген Қемекбай үйінен таңға жуық біреудің өзенге қарай жүгіріп бара жатқанын көреді, тұрғындар. Оның да сан еті кесіліп қалады» [10].

Жоғарыда келтірілген үзінділерден байқап отырсақ, аштыққа ұрынған адам ақыл-санасынан ада-сып, адам бейнесінен, кіслік келбетінен кетіп, жан төзгісіз жағдайға жетеді екен. Қан қақсаған халық, ауылда үрерге ит қалмаған, мысыққа шейін сойып жеп қойған. Судан тышқан ұстап қуанған есі ауысқан пенде!!!

Келесі бір жерде Б. Қыдырбекұлы кейіпкерінің аузына мынандай сөз салады: «... Осы ашаршылық жылдары, інім, мен ислам дінінің пайғамбары Мұхамедке қатты ренжідім. Оның діні бізге майы сере қарыс, ұшасы ұшандай жайылып жатқан шошқаны жегізбей қойды. Ал бұл жағынан алғанда Будда діні барлық діннен артық па деп қаламын. Оларда тамақтан өткеннің бәрін жеу керек. Ғажап емес пе! Егер жасынан орыстарға ұқсап тасбака, француздарға ұқсап көлбака, қытайларға ұқсап жылан жесе, біздің қазағымыз қырылар ма еді. «Ораза, намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта!» Қандай дұрыс айтылған сөз. Ас адамның арқауы болса онда жоқшылықта бәрін де жеуге болады ғой деп ойлаймын. Өйткені ішінен ас кеткен соң кісі кеңкип, адам кейінен шығып қалады екен ғой, інім. Адам «миы өсіп жетілген жоғары сатыдағы хайуан» екеніне ашықтырып көрсөн көзің әбден жетеді. Ашықса ол да хайуан болады да қалады. Біздің халқымызда «Бір күн тамақ ішпегеннен қырық

күн ақыл сұрама» деген мақал бар. Мен бұдан артық дүниеде данышпандық сөз бар дегенге сенбеймін, сене алмаймын. Дүниенің арқауы тамақ екенін маған отыз екінші, отыз үшінші жыл айқын дәлелдеп берді. Ашыққанда мұсылмандығың жолбарыс көрген қасқырдай құйрығын бұтына қысып жымып кетеді екен.

Мен тасбақа жеген қазақтарды көрдім. Өліп бара жатқан соң жемегендеге қайтеді. Көктемде төбетебеге жайылып кеткен қазақтардың ішінен ондайларды кездестірдім. Дұрыс істеді деп ойлаймын, інім. «Оны жегенше аштан адам қалпыммен өлгенім жақсы» деп отырсың, ә, інім. Оның дұрыс емес және ол кебеже қарын, кең құрсақ кездегі сөз.

... Өлмеудің сан жолы бар екен гой, інім. Қазақтар Голощекиннің қолдан жасаган селебесіне қарсы осының бәрін қолдануы керек еді. Пысықтау қазақтардың шілгे тұзак құрып жүргенін көрдім. Бірақ ол елдің бәрінің қолынан келе ме. Қолына өзі келіп түсіп тұрған тасбақаны жемеген қазаққа кейде өлмесең өме қап дегін де келеді. Қап, шіркін-ай, десенші!» [10]. Бұл жерде кейіпкердің ойынан сол кездегі аш адамның діни-нанымға деген өзгерген көзқарасын да көреміз.

Аштық кезінде өмір сұру үшін кейір адамдар аса катыгездікке баруға мәжбүр болатындығы, аш адамның пейілінің өзгергендігі жазушы М. Мағаиннің жоғарыда талданған шығармалардағы мына сөйлемдерінен-ақ байқауга болады: «Бұл ауылда отыргандардың бірсыптырасы-ақ өлмелі кедей, бәрі де «шықпа, жаным, шықпа» деп отырған секілді. Бұрынғыдай ауысып тамақ беру абысын-ажын арасынан кеміп кетті. Шағын тамақтың үстіне біреу келсе, кірпік шешендей жиырылатынды шығарды» [6]. Әшейіндегі қазақ бойындағы қонақжайлыштың иісі де білінбейді емес пе!

Жазушылардың ашаршылыққа байланысты жазғанын оқып отырсақ, бір жоқтау жанрындағы шығарманы оқып отырғандай сезім қалады. Мәселен, Ж. Башардың повесінде «жылау» деген сөз 68 рет кездеседі екен. Осы «жылау» сөзі жазушы Б. Жандосайдың «Шошқаның құмы» деген шежірероманында да көрініс тапқан: «Шыңғырып жылағанда, сай жаңғырық атып, күніреніп кетті. (Біреуінің әкесі мен ағалары, біреуінің сүйген жары опат болып тұр фой). Мен таудың басына шығып кеттім. Сай жаңғырып, тұтас бір ру ел жыласып жатқан сияқты тау басынан естілетін» [11]. Иә, бұл көрініс, бұл жылау, бұл зарлау — зұлмат, зобалаң жылдардың айқын символы екені даусыз.

### Қорытынды

Сонымен, мақаланың өзегі болған жоғарыда талдаған шығармалардан байқағанымыз, қазақ жерінде орын алған нәубет кезеңі қазақ халқының басынан өткен ең ауыр зардаптарының бірі болды. Қазақ жеріндегі XX ғасырдың 1920–30-шы жылдарындағы аштық проблемасы отандық жазушылар мен ғалымдарымыздың енбектерінде нақты көрініс табуы әрі қарай жалғасын табуда. Яғни, әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінде тұр.

Әдебиет — дәүірдің, оқиғаның дәлелі. Бірақ уақыт өте келе ол қайта ойлау мен түсіндіру әдісіне айналады. Қазақ ақын-жазушылары бұл қайғы-қасіретке ешқашан бей-жай қарамаған, ашаршылық көптеген көркем шығармаларының тақырыбына айналып жатыр.

Әдебиет алдында әрдайым қоюлатын басты шарт — ол өз уақытына лайықты сипатқа ие болуы керек. Көркем шығарма оқырманға рухани әсер етеді, оның білімін, көркемдік мұрраттарын көрсететін айна әсерін жасайды. Бәрінен бұрын есте сақталатын жалпы қағида — өткеннің тәжірибесін білмей, жаңасын жасау мүмкін емес. Сондықтан өткен тарихымыздығы осы нәубетті біз үнемі есте сақтап, келесі ұрпақтарымыздың мұндай зұлматты басынан кешпеу үшін ашаршылық туралы бар шындықты ашуымыз — қазіргі біздің міндеттіміз деп ойлаймыз.

### Әдебиеттер тізімі

1 Дулатбеков Н.О. Саяси құғын-сұргін және ашаршылық құрбандағы еске алу күні туралы депутаттық сауал [Электрондық ресурс] / Н.О. Дулатбеков. — Қол жеткізу режимі: <https://www.parlam.kz/kk/blogs/dulatbekov/Details/0/70410> (Анықтама күні: 03.03.2021).

2 Михайлов В. Фаламат жүт шежіресі: деректі хикаят / В. Михайлов. — Алматы: Мектеп, 2013. — 296 б.

3 Судьба писателя — судьба эпохи. Смагул Елубаеву — 70 лет [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://qazaquni.kz/adebiet/67296-sudba-pisatelya-sudba-yerokhi-smagu> (Дата обращения: 10.04.2021).

4 Сағындықұлы Е. Жұртыйымыздың жартысын жалмаған [Электрондық ресурс] / Е. Сағындықұлы. — Қол жеткізу режимі: <https://old.elorda.info/kk/analytics/view/1921-1933-ghyldardagy-asharshylyk-kazaktyn-osimin-bir-gasyrga-teghedi> (Анықтама күні: 14.05.2021).

- 5 Бауыржан Момышұлы. Қазақ халқының қаһарман перзенті, жазушы Бауыржан Момышұлына арналады. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы / Құраст. Н.К. Қосаева. — Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011. — 382 б.
- 6 Майлин Б. Таңдамалы / Б. Майлин. — Алматы: Жазушы, 1977. — 543 б.
- 7 Мағаун М. Шығармалар жинағы: 1960–2002 ж. [13 томдық] 1-том. Әуелгі әңгімелер / М. Мағаун. — Алматы: Қағанат — FMO баспасы, 2002. 1960–1973. — 549 б.
- 8 Бекбай Н. Фаламда болмаған геноцид [Электрондық ресурс] / Н. Бекбай. — Кол жеткізу режимі: <http://www.madeniportal.kz/article/3531> (Анықтама күні: 15.05.2021).
- 9 Башар Ж. Қабір үстіндегі зұлмат: Повесть, әңгімелер жинағы / Ж. Башар. — Астана: Профи Медиа, 2016. — 256 б.
- 10 Қыдырбекұлы Б. Алатау [Электрондық ресурс] / Б. Қыдырбекұлы. — Кол жеткізу режимі: <https://kitap.kz/book/alatauguma> (Анықтама күні: 20.05.2021).
- 11 Жандосай Б. Шошқаның құмы [Электрондық ресурс] / Б. Жандосай. — Кол жеткізу режимі: <https://almaty-akshamy.kz/shosh-any-my-shezhire-romannan-zindi/> (Анықтама күні: 20.05.2021).

Ж.Ж. Ибраимова

## Тема голода в казахской прозе

В статье изучена проблема голода в 1920–30-е гг. XX века в Казахстане, которая нашла отражение в произведениях казахских писателей. Исследование проводилось на материале творчества Ж. Аймаутова, Б. Майлина, Н. Ахметбекова, Н. Баймуратова, Ж. Сыздыкова. Как известно, говорить о голоде было категорически запрещено, потому писатели, обращавшиеся к этой теме, были признаны «врагами народа» и подвергнуты репрессиям. Только к концу распада СССР стали освещаться труды казахских писателей. Постепенно правда о трагедии дошла и до казахского народа. О голоде писали Г. Мусрепов, М. Мағаун, С. Жунусов, К. Жумадилов, Ш. Муртаза, К. Казыбаев, С. Елубай, З. Жакенов, Ж. Башар, Х. Сейткемелов, Б. Жандосай, М. Козыбаев, С. Лымбекулы. Авторами рассмотрены тонкости мастерства писателей в создании многогранного портрета людей той эпохи, особенности изображения жизни общества, атмосфера того времени. Проанализирована проблема голода в произведениях казахских писателей, осмыслена необходимость изучения этой исторической катастрофы. Обозначены перспективы исследования данной проблемы в литературоведении. Сделан вывод, что эти труды со временем станут методом переосмыслиния и интерпретации для будущего поколения.

*Ключевые слова:* тема голода, казахская проза, женский образ, казахская степь, историческая катастрофа.

Zh.Zh. Ibraimova

## The theme of famine in Kazakh prose

The article describes how the problem of hunger, which arose in the country in the 1920s-30s of the twentieth century, was reflected in the works of Kazakh writers. In this connection, such poets and writers as Zh. Aimauytov, B. Maylin, N. Akhmetbekov, N. Baymuratov, Zh. Syzdikov are immediately recalled. As it is known, it was strictly forbidden to talk about the famine, the writers who covered this topic were declared «enemies of the people» and subjected to repression. Only by the end of the collapse of the USSR the works of Kazakh writers began to be covered. Gradually, the truth about the tragedy reached the Kazakh people. G. Musrepov, M. Magauin, S. Zhunusov, K. Zhumadilov, Sh. Murtaza, K. Kazybayev, S. Elubay, Z. Zhakenov, Zh. Bashar, H. Seitkemelov, B. Zhandosay, M. Kozybayev, S. Lyambekuly wrote about the famine. In this article we will look at the subtleties of our writers' skill in creating a multi-faceted portrait of the people of that era, as they realistically describe the life of society, the atmosphere of that time. Novelty of the work includes the analysis of the problem of hunger in the works of Kazakh writers and the understanding of their general humanistic meaning. The works of writers who have touched on the topic of famine, in linguistics, and literary studies have yet to be studied. The author concludes that these works will eventually become a method of reinterpretation and interpretation for the future generation.

*Keywords:* the theme of famine, Kazakh prose, female image, Kazakh steppe, historical catastrophe.

## References

- 1 Dulatbekov, N.O. Saiasi qugyn-surgin zhane asharshylyq qurbandaryn eske alu kuni turaly deputattyq saual [Deputy inquiry on the Day of Remembrance of the Victims of Political Repression and Famine]. *parlam.kz*. Retrieved from <http://www.parlam.kz/kk/blogs/dulatbekov/Details/0/70410> [in Kazakh].
- 2 Mikhailov, V. (2013). *Galamat zhut shezhiresi: derekti khikaiat* [The Chronicle of the Great Jute: a documentary story]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 3 Sudba pisatelia — sudba epokhi. Smagulu Elubaev — 70 let [The fate of a writer is the fate of an era. Smagul Elubaev is 70 years old]. *qazaquni.kz*. Retrieved from <http://qazaquni.kz/adebiet/67296-sudba-pisatelya-sudba-yepokhi-smagu> [in Russian].
- 4 Sagyndykuly, E. (2021). Zhurtymyzdyn zhartysyn zhalmagan [He devoured half of us]. *old.elorda.info*. Retrieved from <http://old.elorda.info/kk/analytics/view/1921–1933-ghyldardagy-asharshylyk-kazaktyn-osimin-bir-gasyrga-teghedi> [in Kazakh].
- 5 Qosaeva, N.K. (Eds.). (2011). *Bauyrzhan Momyshuly: Qazaq khalqynyn qaharman perzenti, zhazushy Bauyrzhan Momyshulyna arnalady* [Bauyrzhan Momyshuly: Dedicated to the heroic son of the Kazakh people, writer Bauyrzhan Momyshuly]. Almaty: Ortalyq gylimi kitapkhana [in Kazakh].
- 6 Mailin, B. (1977). *Tandamaly* [Selected works]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 7 Magauin, M. (2002). Shygarmalar zhinagy 1960–2002 zh. [Collection of works: 1960–2002]. (Vols: 1-13; Vol. 1) Early stories. Almaty: Qaganat — GMO baspasy [in Kazakh].
- 8 Bekbau, N. Galamda bolmagan genotsid [Genocide that did not exist in the universe]. *madeniportal.kz*. Retrieved from <http://www.madeniportal.kz/article/3531> [in Kazakh].
- 9 Bashar, Zh. (2016). *Qabir ustindegi zulmat: Povest, angimeler zhinagy* [Darkness over the grave: A story, a collection of stories]. Astana: Profi Media [in Kazakh].
- 10 Kydyrbekuly, B. (2021). *Alatau* [Alatau]. Retrieved from <https://kitap.kz/book/alatau-guma> [in Kazakh].
- 11 Zhandoisai, B. (2021). *Shoshqanyн qumy* [Pig sand]. Retrieved from <https://almaty-akshamy.kz/shosh-any-my-shezhire-romannan-zindi/> [in Kazakh].

---

# ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

# АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

# ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS

DOI 10.31489/2021Ph3/16-24

UDC 81.119

A.T. Rakhmetova<sup>1\*</sup>, Z.K. Temirgazina<sup>2</sup>, S.V. Nikolaenko<sup>3</sup>, S.A. Ryspai<sup>4</sup>

<sup>1</sup>*Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan;*

<sup>2</sup>*Pavlodar Pedagogical University, Kazakhstan;*

<sup>3</sup>*Vitebsk State University named after P.M. Masherov, Belarus;*

<sup>4</sup>*Karaganda № 101 Secondary School, Kazakhstan*

(E-mail: solnyshko2006@mail.ru, zifakakbaevna@mail.ru, ns-lk@mail.ru, sch101@kargoo.kz)

## «Native among foreigners, foreign among natives»: on the issue of linguistic identity

The article regards the problem of the linguistic identity of Kazakh youth from interethnic Kazakh-Russian families. A survey of respondents aged 18–21 shows the difficulties in linguistic self-determination of the individual. Nevertheless, a significant part of respondents identifies themselves with the linguistic correlation of the father due to the traditional dominant role of the father in the Kazakh family, a slightly smaller number of respondents chooses the nationality of the mother. Anthropological characteristics and language are important factors in choosing ethnic identity. Most students from multi-ethnic families are bilingual, they are equally fluent in two languages. The study highlights the types of relationship between linguistic and ethnic identity of bilingual personality. The correlation between linguistic and ethnic identity is identical in 56/62.9 % of respondents, not coinciding in 33/37 % of respondents.

*Keywords:* identity, identification, linguistic identity, ethnic identity, ethno-differentiating factor, bilingual personality, Kazakh-Russian family, ethnus.

### *Introduction*

Until recently, the concept of identity was hardly used, it was not the subject of close study, either theoretical or empirical. Moreover, this concept was found neither in monographic studies nor in journal articles, it could be learned only by studying late editions of psychological dictionaries. However, despite the interest in this concept and the appearance of a number of works on identity, it is impossible to talk about the presence of a certain categorical apparatus in the presented term.

Э.В. Эрдниева орыс, ағылшын, қалмақ тілдеріндегі адамның моральдық қасиеттерін білдіретін фразеологизмдерді салыстырмалы түрде қарастыра келе: «Проведенный анализ показал, что большая часть фразеологизмов, выражавших моральные качества человека, имеет сравнение с животными, птицами, их повадками. Образы животных во многих языках широко используются для полной и выразительной характеристики человека. Наиболее частотные образы животных и птиц приобретают ярко выраженное значение и становятся символами (в русском языке: заяц трусливый, лиса хитрая, баран глупый, сова мудрая). Носители разных языков могут по-разному воспринимать образ того или иного животного. Обычно это связано с поверьями, представлениями народа, суевериями», деп, адам қасиеттерін білдіретін фразеологизмдерде ұлттық-мәдени ерекшеліктің бар екендігін, олар арқылы халықтың менталитеті мен рухани мәдениеті деген қорытынды жасайды [9; 80].

И.А. Волошкина француз тілі материалдары негізінде «адамның мінез-құлқы» фразеосемантикалық өрісін қарастыра келе, зерттеу нәтижесінде «адамның мінез-құлқы» фразеологиялық өрісін модельдеуге негіз болған характерологиялық фразеологияның үлкен қабатын анықтап, «Фразеосемантикалық өріс — француз тілінің лексика және фразеология саласымен тығыз байланысты динамикалық, дамушы жүйе. Өріс мазмұнын комплексті талдау француз ФБ-нің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көріну механизмін байқауға, олардың пайда болу көздерін ашуға, олардың негізін құрайтын ассоциациялары мен образдарды анықтауға, фразеологизмдердің дискурсивті-когнитивті сипаттамаларын анықтауга, ФБ-нің семантикалық, стилистикалық және грамматикалық қасиеттерінің өзара әрекеттесуін сипаттауға, құрылымдық өріс шенберіндегі олардың семантикалық

қатынастарын және олардың әлемнің тілдік бейнесіне әсерін анықтауға мүмкіндік берді» [10; 6] деген қорытынды жасайды.

Ә. Қайдар қазақ тілінің сөз байлығын құрайтын фразеологизмдердің басым бөлігін адамға және оның ерекшеліктеріне қатысты фразеологизмдер алғатындығын айтады. Галым: «Человек, находящийся в центре всех явлений и жизни на земле, немало усилий прилагает и к познанию собственной персоны, оценке своих поступков, индивидуальных особенностей и т.д. Результаты этой познавательной и характерологической деятельности человека и общества получили отражение в большом количестве ФЕ. Этот класс в научной литературе рассматривается в нескольких подгруппах, составляющих своего рода микросистему внутри данного класса» дей келе, адамды сипаттайтын фразеологизмдерді: 1) мінез сапалары мен сипатын білдіретін; 2) сыртқы бейнесін сипаттайтын фразеологизмдер деп топтастырады. Бірінші топқа адалдық, шыншылдық, сенімділік, тәуекелшілдік, қырықтық, жауапкершілік, қарапайымдылық, жалқаулық, сөзшендік, мылжындық сынды қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді топтастырса, екінші топқа адамның бет әлпеті мен сырт бейнесіне қатысты фразеологизмдерді жатқызады [11; 380].

### *Нәтижелер мен олардың талқылануы*

«Тілде адамға қатысты фразеологизмдерді бірнеше тақырыптық топтарға бөлуге болады. Адамның мінез-құлқын, сырт бейнесі мен ішкі дүниесін, қадір-қасиетін, қымыл-қозғалысын сипаттауда фразеологизмдердің маңызы зор. Адами қасиеттерді, мәселен адалдық-арамдық, қарапайымдылық-тәкаппарлық, сабырлылық-сабырсыздық, кішіпейілдік, ақылдылық-акымақтық, сыйайылық-дөрекілік, намысқойлық-намыссыздық, жомарттық-сарандық, қызғаншақтық, мақтанышақтық т.б. жағымды-жағымсыз қасиеттерді сипаттауда тілде алуан түрлі фразеологизмдер қолданылады» [12; 21].

Адамның қасиеттерін сипаттауда фразеологизмдер сапалық-багалауыш мәнге ие. Тілдегі адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктеу барысында, олардың багалауыш мәнінде қарай үш топқа жіктеді:

1. Адамның жағымсыз қасиеттерін білдіретін фразеологизмдер. Бұл топқа теріс бағалауыш мәнге ие фразеологизмдер кіреді. Фразеологизмдерді кіші фразеосемантикалық топтарға жіктеу, олардың фразеологиялық сөздікте берілген мән-мағыналары негізінде жүзеге асырылды: 1) мақтаншақтық (*бос кеуде, мақтанның құлы, тонына сыймайды*); 2) қанағатсыздық (*дүниеге көзі тоймаган / дүниеге тоймаган*); 3) сабырсыздық (*тақат таба алмау*); 4) корқақтық (*қоян жүрек/су жүрек*); 5) кулық, айлакерлік, зымияндық (*алтыс екі [алтыс алты] айлалы, әккі [қәнігі] жасау, басқан ізіне шөп шықпайды, бит ішине қан құяды, жылан жүрісті, қырқылжың түлкідей, тақыр жерден шөп шыгарған*); 6) топастық, ақымақтық, ессіздік (*көк ми [көк миңы], қасаң ми, қас [қаса] надан, қу бас*); 7) надандық (*көр [кон] кеуде / көкіргегі бітейу [санырау] / көр көкірек, ойсыз құлақ*); 8) сыр сақтай алмайтын адам, сөзшендік (*аузы ашиқ, аузың желдей еседі, көк малта, қу таңдай*); 9) мылжындық (*қызыл [қөбік] ауыз [езу]*); 10) сарандық (*бейілі арам [тар, қара]*, деген сараң бай, қатты кісі, қу бастан қуырдақ ет алды, сүйек бермес, сынық ине, сыйдырым таспа бермейді, шық бермес *Шығайбай / шық татырмас, тас болу*); 11) жалқаулық (*бұрау [бұта, шөп] басын да сындырмайды, көк [кер] жалқау, құр нан согар*); 12) өтірікші, тиянақсыз (*екі сөзді кісі, су жүқпас / қара судан қаймақ алады, су құйды өтірікші*); 12) мейірімсіздік, қатыгездік (*жүрекі қара, көн көңілді, Қара байдай қанытезер [сараң], қара жүрек, тас бауыр [бүйрек], тас жүрек, тас көңіл [мейір]*); 13) зорлықшылдық, озбырлық (*қанды балақ*); 14) зұлымдық *тұзақ үзген / тұзақ үзген ала аяқ*); 15) тәкаппарлық, менмендік (*зор кеуде [көкірек], кеудесі жогары, көңілі көкте, басы жерде, менмен кеуде, паң кісі, үзеңгі бауы алты қабат екен, хан көкірек адам*); 16) салақтық, олақтық (*кең балақ, жалпы етек, қазанына қаспақ қатқан / қазанының қаспағы бес елі, майлы қолтық, салпы етек*); 17) қырықтық (*көр табан, сиыр тектес, теріс азу, тоңмойын, іштен қара [қыңыр] туган*); 18) ашушаңдық (*кірпігінен қырау тамған, қаңтардағы бурадай, тауаны тар, терісі тар*); 19) тентектік, бұзықтық (*қазанбұзар қырыс / қазанбұзар, үй тентек*); 20) арамдық (*қан-жыны араласқан, қаны бұзық [қара], қара көңіл, қу бастан қуырдақ ет алды, пейілі [бейілі] бұзық [жаман], іши арам*); 21) ұрысқақтық, бетпақтық (*қас жузі қара, мінезі шайпау [шәлкес]*); 22) ашкөздік (*қызыл құзғындарай [қаргадай, бүркіттей]*); 23) пәлекорлық, даукестік (*пәлекор [жанжас] көз [-di]*); 24) қызғаншақтық (*пейілі [бейілі] тар [тарылды], тұз арамы, ішине қыл [шынашақ] айналмайды, іши жарыла жаздады, іши тар*); 25) сылбырлық (*су мұрын*);

2. Адамның жағымды қасиеттерін білдіретін фразеологизмдер. Бұл топқа оң бағалауыш мәнге ие фразеологизмдер кіреді: 1) сипайылық, кішіпейілдік (*бетегеден бік, жусаннан аласа / бетегеден аласа, қойдан жуас, екі қолын құсырды, жүзі [өңі] сынық, сынық жсан [кісі]*); 2) өжеттік (*бет жүзіне қарамай / бет-жүзі бар демеді / бет жүзің демеді, бетің бар, жүзің бар демеді/бет-жүзің бар демеді, бөрі бет батылдық, арыстан жүректі, жүргегінде [көкірегінде] оты бар, от жүрек*); 3) алғырлық (*жібек баулы қырандай, көзінен оты жсанған / көзінің оты бар, көңіл (-и) жүйрік, қауга тиген өрттей*); 4) әділдік (*Наушаруандай әділ, қара қылды қақ жарған / қара қылды қырыққа бөлген*); 5) шыншылдық (*тура тілді*); 6) инабаттылық, ұяндық, ибалылық (*бетінен иманы (ұяты) тамған, иманы бетінде үзіліп тұр, иман жүзді, иман (-ы) бар [жоқ], иманды адам [кісі], пердесі жыртылмаган*); 7) шеберлік (*бит қабығынан биялай тоқыған*); 8) әдептілік (*адал сүт емген, мінезі майдай [сынық, текті], тойған қозыдай*); 9) тазалық (*көкірегі таза*); 10) шыдамдылық (*ақпан соқса өлмейтін, тоқпан соқса өлмейтін; дәті берік*); 11) мықтылық, күштілік (*алапаты асқардай, алты басты айдаһар, қайраты қара тастай, нар атандай / нар еді / нарға жүгін салғысыз, тенсе темір үзеді [сындырады]*); 12) батырлық, батылдық (*жүргегінің түгі бар [шыққан], жүрек жұтқан, көз жоқ [көзсіз] батыр, көкжал бөрі, қас [қаса] батыр, қасқыр жүректі, мыңға жсалғыз болмайтын, өр жігіт, сайып қыран, бөрі бет батылдық*); 13) өткірлік, шешендік (*алмас тілді, аузы епті, аузымен құс [құс құйрығын] тістеген / аузымен құс ілген, аузының жесіл бар, ауыздыға сөз, аттыға [аяқтыға] жол бермейді / аттыға сөз, жаяуға жол бермейді (көкбет, долы, ешкімнің айтқанына көнбейтін адам жайында да айттылады), буынсыз [сүйексіз] тіл, қаламы өткір, орақ ауыз [ауызды] / от ауыз [ауызды] / от тісті [тілді], орақ ауызды [тісті], өткір тіл [-ди], су [судай] жорға / су төгілмес [суырдан су төгілмес] жорға, су жүқпас шешен, топ жарған шешен / топтан озған ділмар; топтан торай шалдырмас [бермейтін], тілге жүйрік, тілге ұста, тілі мірдің оғындағы / тілі өткір [зәрдей, удаій]*); 14) ақылдылық (*алтын басты ерек [әйел], өресі биік [жосары, төмен], іши — алтын, сырты — күміс*); 15) айбарлылық, қуаттылық (*атан жілік, арқар мүйіз*); 16) сырға берік, сөзшең емес (*аузы ауыр / аузына берік [иел], сырға берік*); 17) жомарттық (*қолы ашық [жазық], пейілі кең, дұнисеге кең*); 19) тиянақтылық (*ісіне мығым*); 20) тұрақтылық, үедеге беріктік (*екі сөз жоқ*); 21) төзімділік (*жсаны сірі / жсаны сіріден жаралған екен / жсаны сіріден берік екен / жсаны сірідей / жсаны темірден жаралған; жылқы мінезді, көк жесілке, қайыспас қайсар, табаны алты қарыс*); 22) қайраттылық (*жараган бурадай / жараган бурадай қылышылдайды, қылышытай [қылыштың жүзіндеи] қылышылдаган*); 21) мейірімділік (*жүзі [өңі] жылы, жылы жүрек*); 22) бауырмалдық, кеңкейілділік (*кең қолтық, кең есік*); 23) байқампаздық, аңғарғыштық (*қабақ танығыш*); 24) ептілік (*қолы жүйрік*); 25) адалдық (*ешкімнің ала жібін аттамау, судан тұнық, суттен ақ*); 26) талаптылық, пысықтық (*талағының [талағында] биті бар, талабы таудай*); 27) тапқырлық (*тогыз қырлы, тоқсан [бір] сырлы*); 28) тұрашылдық (*тік сөзді*); 29) сабырлылық (*етінен ет кесіп алып жасатса да мыңқ етпей / етінен ет кесіп алып жасатса да былқ етпей*).

3. Адам бойындағы екіжақты қасиеттерді сипаттайтын фразеологизмдер. Бұл топқа бейтарап мәнді фразеологизмдер кіреді, яғни мұндай фразеологизмдердің нақты оң не теріс бағалауыш мәні жоқ. 1) аңқаулық (*бала мінез, мәми [мәбіз] ауыз*); 2) жуастық, момындық (*қой аузынан шөп алмайды / қойдай жуас / қойдан қоңыр / қойдан қоңыр, жылқыдан торы / қой мінез; салтаң құлақ; тойған қозыдай*);

Бейтарап мәнді фразеологизмдердің тілде нақты оң не теріс мәнде жұмысалуы контексте анықталады. Мысалы, *Жазаң сенің — қойдан қоңыр мінезің, Әлдекімге артық болдың бір өзің. Өмірге сен өгей болып түгансың, Туган күні-ақ жасаспен бетті жүргансың* (С. Бегалин) деген өлең жолдарында қойдан қоңыр мінез теріс мәнде, адамға берілген жаза ретінде жұмысалған.

### Корытынды

Адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді топтау барысында байқағанымыз, казақ тілінде теріс бағалауыш мәнді фразеологизмдерге қарағанда оң бағалауыш мәндегі фразеологизмдер көп. Сонымен қатар адам бойындағы қасиеттердің фразеологизмдер арқылы берілуі де әрқылы. Мәселен, фразеологизмдерде өжеттік, батырлық, батылдық, шешендік, төзімділік, мықтылық, күштілік, инабаттылық, кішіпейілділік қасиеттер молынан көрініс тапса, тиянақтылық, тұрақтылық, бауырмалдық, байқампаздық, тапқырлық, тұрашылдық қасиеттер бірлі-екілі ғана фразеологизмдермен беріледі. Сондай-ақ, қанағатсыздық, сабырсыздық, қорқақтық, мылжындық, ашқөздік қасиеттерге қарағанда, тәкаппарлық, менмендік, қырсықтық, арамдық, кулық, сарандық, мейірімсіздік, қызғаншақтық қасиеттерді бейнелейтін теріс бағалауыш мәндегі фразеологизмдер мол.

Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда фразеология саласының үлесі зор. Фразеологизмдердің семантикасынан үлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы үлттың менталдық ерекшелігін, қазақ халқының салт-дәстүрін айқын аңғаруға болады. Тілдік деректерден түйгеніміз, адами қасиеттерді беруде тіліміздің сөздік қабатын күрайтын фразеологизмдердің алар орны орасан. Олар адам бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерді көркем, бейнелі түрде жеткізеді, әрі олардың экспрессивті-эмоционалдық мәні жоғары. Тілде адами қасиеттерді беруде фразеологизмдердің қолданысының өзіндік орны, маңызы бар. Талдау барысында байқағанымыздай, фразеологизмдер адам бойындағы қасиеттерді бейнелеуде он, теріс және бейтарап бағалауыш мәнге ие. Оң бағалауыш мәнде жұмсалатын өжеттік, батырлық, батылдық, шешендік, төзімділік, мықтылық, күштілік, инабаттылық, кішіпейлілік сынды қасиеттерді білдіретін фразеологизмдер мен теріс бағалауыш мәнде жұмсалатын тәкаппарлық, меммендік, қырықтылық, арамдық, кулық, сараңдық, мейірімсіздік, қызғаншақтық қасиеттерді бейнелейтін фразеологизмдердің үлесі зор. Ал тиянақтылық, тұрақтылық, бауырмалдық, байқампаздық, тапқырлық, тұрашылдық сияқты жағымды қасиеттер мен қанағатсыздық, сабырсыздық, корқақтық, мылжындық, ашқөздік сынды қасиеттерді білдіретін оң және теріс бағалауыш мәнді фразеологизмдердің саны аз. Бейтарап бағалауыш мәнді фразеологизмдер тілде тіпті аз мөлшерде кездеседі, ал олардың нақты оң не теріс бағалауыш мәнде жұмсалуы контекске қатысты.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Смагұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің үлттық-мәдени аспектілері / Г. Смагұлова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 193 б.
- 2 Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас. ред. Б.Ө. Жакып. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. — 624 б.
- 3 Фразеологиялық сөздік / И. Кенесбаев. — Алматы: Арыс, 2007. — 800 б.
- 4 Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ө. Айтбаев. — Алматы: Арыс, 2007. — 23 б.
- 5 Қосымова Г. Қазақ әпсісндағы тұрақты сөз тіркестері / Г. Қосымова. — Алматы: Рауан, 1997. — 80 б.
- 6 Алефиренко Н.Ф. Фразеология в свете современных лингвистических парадигм / Н.Ф. Алефиренко. — М.: Элпис, 2008. — 271 с.
- 7 Байсултанов Д.Б. Экспрессивно-стилистическая характеристика фразеологизмов в чеченском языке: дис.... д-ра филол. наук: 10.02.09 – «Кавказские языки» / Дауд Бобаевич Байсултанов. — Лейден, 2006. — 495 с.
- 8 Эстебесова П.С. Анималистические фразеологизмы, выражающие внешнее качество человека, кыргызского и турецкого языков / П.С. Эстебесова // Науч. журн. «Апробация». — 2016. — № 3 (42). — С. 63–66.
- 9 Эрдниева Э.В. Функционирование фразеологизмов-сравнений, выражающих качества человека, в разных языках / Э.В. Эрдниева // Вестн. Калмыц. ун-та. — 2016. — № 3 (31). — С. 77–80.
- 10 Волошкина И.А. Фразеосемантическое поле «характер человека»: на материале французского языка: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.05 – «Романские языки» / Инесса Анатольевна Волошкина. — Белгород, 2009. — 22 с.
- 11 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. — 1-т. / жауапты ред. Ә.Ә Өтебаева. — Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. — 520 б.
- 12 Ажарбекова Э.Н., Мажитаева Ш. Адами қасиеттердің фразеологизмдер арқылы берілуі / Образование и наука XXI века: материалы XIV Междунар. науч.-теор. конф. (15–22 октября 2018 года). — Т. V. — София: БялГРАД-БГ ОДД. — 2018. — С. 19–23.

Э.Н. Ажарбекова, Ш. Мажитаева, Ж.Д. Рапишева

### Оценочный компонент фразеологизмов, обозначающих человеческие качества

Фразеологизмы в казахском языке — активная языковая единица, используемая для описания национального менталитета, нравственных качеств, чувств, эмоций, поведения человека. В современном языкоznании исследование фразеологизмов с позиций антропоцентрической парадигмы является актуальным. В статье приведены различные научные мнения об экспрессивной и прагматической функциях, семантическом поле и тематических группах фразеологических единиц, а также оценочном компоненте фразеологизмов, обозначающих человеческие качества. Авторами представлено три группы фразеологизмов, характеризующих личностные качества человека, черты характера, черты лица, тело, имеющих экспрессивно-эмоциональную оценку. Материал классифицирован на внутренние семантические подгруппы фразеологизмов с отрицательной и нейтральной оценкой, выражающие положительные и отрицательные черты человека. Авторами сделан вывод относительно того, что количество фразеологизмов, обозначающих человека с

положительным оценочным компонентом, больше, чем с отрицательным оценочным компонентом, а фразеологизмов с нейтральным оценочным компонентом — наименьшее количество. Доказано, что фразеологизмы с нейтральной оценкой зависят от контекста, в котором они употребляются.

**Ключевые слова:** фразеологизм, фразеосемантическое поле, семантическая группа, тематическая группа, положительный, отрицательный и нейтральный оценочный компоненты, человеческие качества.

E.N. Azharbekova, Sh. Mazhitaeva, Zh.D. Rapisheva

## **Evaluation component of phraseologisms denoting human qualities**

Phraseologisms in the Kazakh language are an active linguistic unit that is used to describe the national mentality, moral qualities, feelings, emotions, human behavior. In modern linguistics, the study of phraseological units in the anthropocentric direction is relevant. The article analyzes scientific opinions about expressive and pragmatic functions, semantic field and thematic groupological units, as well as the evaluative component of phraseological units denoting human qualities. Taking into account the peculiarities of phraseologisms characterizing a person's personal qualities, character traits, facial traits, body having expressive-emotional assessment, the author grouped them into three groups according to the value of positive, negative and neutral assessment, expressing positive and negative human traits, and classified them into internal semantic subgroups. The results of the study showed that the number of phraseological units denoting a person with a positive evaluative component is greater than with a negative evaluative component, and phraseological units with a neutral evaluative component are even smaller. It has been proved that phraseological units of neutral assessment depend on the context, and based on its meaning, they can acquire positive or negative assessments.

**Keywords:** phraseological unit, phraseological semantic field, semantic group, thematic group, positive, negative and neutral evaluative component, human qualities.

### References

- 1 Smagulova, G. (2013). Magynalas frazeologizmderdin ultiyq-madeni aspektleri [National and cultural aspects of semantic phraseology]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 2 Zhaqyp, B.O. (Eds.). (2011). Psikhologiya: Entsiklopedialyq sozdik [Psychology: encyclopedic dictionary]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 3 Kenesbaev, I. (Eds.). (2007). Frazeologiialyq sozdik [Phraseological dictionary]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 4 Aitbaev, Ó. (2007). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 5 Qosymova, G. (1997). Qazaq eposyndagy turaqty soz tirkesteri [Stable phrases in the Kazakh epic]. Almaty: Ruan [in Kazakh].
- 6 Alefirenko, N.F. (2008). Frazeologiya v svete sovremennoykh lingvisticheskikh paradigm [Phraseology in the light of modern linguistic paradigms]. Moscow: Elpis [in Russian].
- 7 Baisultanov, D.B. (2006). Ekspressivno-stilisticheskaya kharakteristika frazeologizmov v chechenskom yazyke [Expressive and stylistic characteristics of phraseological units in the Chechen language]. Candidate's thesis. Leiden [in Russian].
- 8 Estebesova, P.S. (2016). Animalisticheskie frazeologizmy, vyrazhaiushchie vneshee kachestvo cheloveka, kyrgyzskogo i turetskogo yazykov [Animalistic phraseological units that express the external quality of a person, Kyrgyz and Turkish languages]. Nauchnyi zhurnal «Aprobatsiya» — Scientific journal «Approbation», 3 (42), 63–66 [in Russian].
- 9 Erdnjeva, E.V. (2016). Funktsionirovanie frazeologizmov-sravnemii, vyrazhaiushchikh kachestva cheloveka, v raznykh yazykakh [Functioning of phraseological units-comparisons that express human qualities in different languages]. Vestnik Kalmytskogo universiteta — Bulletin of the Kalmyk University, 3(31), 77–80 [in Russian].
- 10 Voloshkina, I.A. (2009). Frazeosemantics pole «kharakter cheloveka»: na materiale frantsuzskogo yazyka [Phraseosemantic field «human character»: on the material of the French language]. Candidate's thesis. Belgorod [in Russian].
- 11 Qaidar, A. (2014). Gylymdagy gumyr. Maqalalar, baiandamalar zhinagy [Life in science. Collection of articles and reports]. (Vol. 1). E.A. Utebaeva (Eds.). Almaty: «Sardar» baspa uiy [in Kazakh].
- 12 Azharbekova, E.N., Mazhitaeva Sh. (2018). Adami qasietterdin frazeologizmder arqyly berilui [Transfer of human qualities through phraseological units]. Education and science of the XXI century Obrazovanie i nauka XXI veka 2018: XIV Mezhdunarodnaia nauchno-teoreticheskaya konferentsiya (15–22 oktiabria 2008 goda) — XIV International scientific and theoretical conference. (pp. 19–23). Sofia: Bial GRAD-BG ODD [in Kazakh].

С.Ж. Ергалиева<sup>1\*</sup>, М.А. Уайханова<sup>1</sup>, С.В. Оленев<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

<sup>2</sup>Кемерово мемлекеттік университеті, Ресей

(e-mail: samal17.12@mail.ru, mira.p2011@mail.ru, stanislav.olenev@gmail.com)

## Саяси дискурстың лингвоаксиологиялық әлеуеті (қазақстандық интернет-түсіндірме материалдары негізінде)

Зерттеу нысанына қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелер алынды. Оны таңдау әртүрлі жанрлардың пайда болуына ықпал еткен ақпараттық технологиялардың дамуымен негізделді және тіл мен адамның өзара байланысы лингвистикалық бағытта зерттелді. Зерттеудің мақсаты – лингвоаксиологиялық мәтін сөзжасамы аспектілерінде қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелердің мәтін құрудығы құндылық факторын анықтау. Зерттеу өні – интернет-түсіндірмелерде жүзеге асырылатын бастапқы мәтіннің құндылық әлеуеті мен виртуалды тілдік тұлғаның құндылық параметрлерінің аракатынасы. Бұл объектіні зерттеу үшін теориялық материалды жинау және контекстік талдау әдістері, салыстырмалы, жалпылау, сипаттау әдістері және деректерді сандық өндіру әдісі қолданылды. Объектіні зерттеу формальды, мазмұндық және функционалдық жоспарларда қарастырылатын туынды мәтіндердің мәтін сөзжасамы және лингвоаксиологиялық талдау моделіне негізделді. Зерттеу нәтижелері қазақстандық интернет-түсіндірмелердің мәтіндері құндылық әлеуетімен басым екенін көрсетті. Қарапайым саяси дискурстың құндылық әлеуетінің деңгей туынды мәтінді жасауда бастапқы мәтіннің қолданылатын кілтті сөздерінің санымен анықталды. Зерттеудің ғылыми жағалығы қазақстандық виртуалды кеңістіктіке интернет-түсіндірмелердің құрастыру мәтіндік қызыметтің доминанттын лингвоперсонологиялық және лингвоаксиологиялық ұғынудан көрінеді.

*Kielt сөздер:* құндылық, саяси, дискурс, түсініктеме, кілт сөз.

### *Kipicne*

Саяси дискурс әлеуметтік өнім болып табылады және осыған орай ол қарама-қарсы саяси, әлеуметтік, мәдени және лингвистикалық нысандарды өзара біріктіреді. Қазіргі жағдайда әлемдік саяси және лингвомәдени кеңістікке интеграцияланатын саяси дискурс, бір жағынан, өзінің этномәдени ерекшелігін сақтаса, екінші жағынан, жеке авторлық маркерлерді бойына жинақтайды.

### *Әдеби сипаттама*

А.Н. Барапов, О.В. Михайлова, Г.А. Сатаров, Е.А. Шипованың еңбектерінде тіл бұқаралық қарым-қатынас құралдарының белсенді қызыметтік арқылы әлеуметтік биліктің көзі болып табылатын ықпал ету құралына айналады деп есептеледі [1; 5]. Тіл арқылы оның тұтынушысына ықпал етуге, оны категориялау құралы ретінде қолдануға, сонымен катар саяси құбылыстарды түсініп, оны қажетті және тиімді түрде жұмсай алуға болады.

Б.А. Ахатованың түсінігінше, «саясат сөз арқылы қабылданады және түсіндіріледі, оның көмегімен саясаткерлер шынайы максаттарды хабардар етеді, жасырады, сендереді, ұсынады, түсіндіреді, қажетінше қолданады және басқарады. Сондықтан кез келген сөз қандай да бір саяси жүк артады» [2]. Сондай-ақ саяси дискурсты зерделеу кезінде тілдің, сананың және қарым-қатынастың өзара байланысы; катысушылардың ниеті, олардың мәртебелік-рөлдік катынастары; құндылық бағдарлары; эмоционалдық жағдайы; мәдени ерекшеліктері және әлеуметтік-ситуациялық және коммуникативтік бағыттың көптеген басқа да сипаттамалары ескеріледі.

А.П. Чудиновтің айтудынша, «анды-санда болса да газет оқытын, радио немесе теледидарды көретін адам саяси қатысымның адресатына айналады» [3; 6]. Фалым саяси қарым-қатынас тек ақпараттандырып қана қоймай, сонымен бірге оның адресатына эмоционалды түрде әсер ететінін, осылайша әлемнің саяси бейнесін адам санасында өзгертуге ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ А.П.Чудинов тілшілерді қызықтыратын негізгі зерттеу нысандарын – тіл, ойлау, саяси қызымет субъектілері арасындағы байланысты, қоғамның саяси жағдайын, саяси сөйлеу жанрларының

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: samal17.12@mail.ru

мәселелерін (ұран, парапа, бағдарлама, газет мақаласы, митингідегі сөйлеу және т.б.) және саяси мәтіндердің жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтайды.

Интернеттің пайда болуымен қарым-қатынастың жаңа тәсілдері де жүзеге аса бастады. Бұл әртүрлі саладағы жаһандық өзгерістерге әкелді. Ол ақпарат алу жолын ашып қана қоймай, тез және тиімді қатынас орнатуға ықпал етті. Интернет виртуалды кеңістікте уақыт пен пайдаланушылардың қалауына орай қатынас ортасын құрды. Виртуалды кеңістікте бүкіл қоғам өздерінің қажеттіліктерін ауызша және жазбаша байланыс формалары арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар ол ғалымдардың, соның ішінде тілшілердің зерттеу нысанына басқа бір қырдан қарауға мүмкіндік берді, жаңа ғылыми жаңалықтарды шешуде тың сұрақтардың пайда болуына әкелді.

*Зерттеу нысаны:* қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелердің мәтіндері.

Осы интернет мәтіндерін көптеген отандық және шетелдік тілшілер белсенді түрде зерделеуде (Е.Н. Галичкина, Е.И. Горошко, О.В. Лутовинова, Л.Ю.Шипицина, И.Г. Сидорова, J.D. Bolter, S.C. Herring, D. Crystal, A. Derakhshan, S. Hasanabbasi, N. Pöldä және т.б.).

И.Г. Опарина қазіргі қоғамдағы интернет-байланыстың танымал болуының бірқатар дәлелдерін ұсынады: 1) интернеттің пайдалы техникалық жабдықталуы; 2) ерекше психологиялық қатпary бар пайдаланушылар; 3) қазіргі қоғамдағы тұлғааралық өзара алмасу ерекшелігі [4; 8].

С.И. Агадюрова өзіндік қозқарастары бар пайдаланушылардың метатілдік санасындағы «интернет» концептісі жайлы түрлі түсініктерін келтіреді: «Интернет – байланыс құралы»; «Интернет – ақпарат көзі»; «Интернет – бұл орын»; «Интернет – бұл қауымдастық», «Интернет – бұл ойынсауық»; «интернет» ұғымын күнделікті түсінумен қатар, оны кәсіби тұрғыдан да таниды: «Интернет – бұл технология»; «Интернет – өмір салты»; «Интернет – бұл жұмыс орны»; «Интернет – шексіз мүмкіндіктер көзі»; «Интернет – бұл есірткі» [5; 12-13].

Жұмыста интернеттің коммуникативтік саласы қарым-қатынас кеңістігі ретінде сипатталады және зерделенеді, онда адамзат технологиялық мүмкіндіктер арқылы белсенді қарым-қатынасқа түседі, сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыруға жағдай туғызады, коммуниканттардың эмоционалдық халін көрсететін және виртуалды шындықты жандандыратын жаңа форматтағы түрлі мәтіндерді жасайды.

Интернет байланысының жанрлары екі түрге бөлінеді: канондық және канондық емес. Бірінші түрге бұрын бар және интернет ортасына тәуелсіз жанрлар жатады, екінші түрге басқа жерде емес, интернет кеңістігінде пайда болған жанрлар енеді. Соғысына чат, электрондық пошта, форум, блог, ойын порталы, әлеуметтік желі, ICQ кіреді [6; 214].

Е.И. Горошко мен Е.А. Жигалина гипержанрлар барын айтады. Оларға блог, сайт, электрондық кітапхана, әлеуметтік желіні жатқызады. Гипержанрдан басқа интернеттің өзіндік жанрларын да көрсетеді. Олар: форум, электрондық хат, хабарландыру тақталары, чат, жарнама баннерлері, виртуалды конференция, автордың посты немесе жазбасы, хабар және түсіндірмелермен жедел алмасу бағдарламалары арқылы байланыс [7; 110-124].

Жұмыста зерттеуге қызығушылық тудырған жаңа мәтін форматы ретіндеғі интернет-түсіндірмелердің мәтіндері алынды.

Интернет-түсіндірмелер Н.Б. Лебедева тұжырымына негізделген табиғи жазбаша сөйлеу жаңрында қарастырылады. Фалым бұл құбылыстың басты белгілерін көрсеткен және оны «ауызша / жазбаша сөйлеу» және «табиғи / жасанды сөйлеу» парадигмасы түрғысында зерттеген [8; 15].

Тестілер интернет-түсіндірме мәтіндері секілді табиғи жазудың нәтижесі болып табылады. Олар әртүрлі субстраттарда ұсынылады және интернет-түсіндірмелерде кәсіби, қолма-қол түрде емес, жазбаша форманың, табиғилықтың белгісі түрінде басым келеді [8].

Е.В. Холодковскаяның пікірінше, интернет-түсіндірме – мотивациялық объектіні бағалауға бағытталған мәлімдеме. Ол динамизммен, нақтылықпен, экспрессивтілікпен ерекшеленеді [9; 7]. Е.Ч. Даҳалаеваның ойынша, интернет-түсіндірмелер микро-хабарламалар болып табылады [9].

Саяси мақалалардың берілген интернет-түсіндірме мәтіндерін талдау кезінде олардың қолма-қол шығарылғандығын аңғаруға болады. Себебі интернет-ресурстарды пайдаланатын кез келген адам интернет кеңістігінде қалаған пікірін қалдыра алады. Саяси мәселелер кәсіпқойлыққа қарамайды: ол жас не кәрі, ер не әйел адам, кәсіби және үлтү да әртүрлі болуы мүмкін.

*Зерттеу пәні:* интернет-түсіндірмелерде іске асырылатын бастапқы мәтіннің құндылық әлеуеті мен виртуалды тілдік тұлғаның құндылық параметрлерінің арақатынасы.

*Зерттеу мақсаты* – лингвоперсонологиялық және лингвоаксиологиялық аспектілерде қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелердің мәтін сөзжасамы пайда болуының құндылық факторын анықтау.

*Зерттеу міндеттері:*

- бастапқы мәтінді туынды мәтінмен (интернет-түсіндірмемен) формальды, мазмұнды және функционалды түрғыда салыстыру;
- интернет-түсіндірме мәтіндерінің пайда болуына ықпал еткен кілтті сөздер санын анықтау.

*Зерттеу әдістері мен нәтижелері*

Зерттеу барысында теориялық материалды жинау және контекстік талдау әдістері, салыстырмалы, жалпылау, сипаттау әдістері мен деректерді сандық өңдеу әдісі пайдаланылды.

Лингвистикалық талдау материалы ретінде Nur.kz. жаңалықтар порталындағы «Қазақстандықтардың санасы қалай өзгереді» [10] деген саяси мақала алынды. Мақала төрт бағыттан тұратын азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын әзірлеу мәселесіне арналады.

Материалды тандау кезінде ең көп түсіндірме берілген саяси мақалага назар аударылды, саяси мәселелерді қарастыратын мақала мәтіндерін интернет-түсіндірме мәтіндерімен салыстыра талдау жүргізілді. Алдымен, туынды мәтінде (интернет-түсіндірмеде) сақталған кілт сөздер мен формага, одан кейін оның мазмұндық жағына көніл бөлінді.

Саяси мәселенің оқырманы ретінде катыса отырып, әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылатын реципиенттің құнделікті санасы бастапқы мәтінге енгізілген белгілі бір құндылықтарға база назар аударады. Осылайша түсіндірме қалдыра отырып, оқырман тілдесімге катысуышы адамға айналады. Ол мәтінді қабылдау нәтижесінде назарын өзіне маңызды болып табылатын құндылық компоненттеріне бұрады. Бұл туынды мәтінді құруға тұртқи болары анық. Құндылықтарды жүзеге асыру белгілі бір тілдік құралдар арқылы жүргізіледі. Олар кілтті сөздер ретінде көрінеді. М.В. Беңтің пайымынша, «тілдік тұлғаның мәтін сөзжасамы қызметтің зерттеу оның әлемнің құндылық бейнесін қалпына келтіруге, бастапқы мәтін мен тілдік тұлғаның өзара байланысын анықтауға көмектеседі» [11; 60].

Материалды талдау, ең алдымен, мақаланың өзінде көрсетілгеннен бөлек интернет-түсіндірме мәтіндерінде де кілтті сөздерді анықтауға негізделді. «Мәтіннің кілт сөздері жеке адамның жұмыс жадына оның ұзақ мерзімді жадынан алынатын ассоциативті мәндердің құрылымдарымен байланысын жандандырады, содан кейін білімнің тұтас минималды бірлігі ретінде қызмет атқаратын интегративті кешендерді қалыптастыру процесінде қолданылады» [12; 125].

*Корытынды және талқылау*

Сандық деректерді есептеу нәтижелері келесі кестеде көлтірліген:

Кесте 1

№	Кілт сөздер	Түсіндірілген кілт сөздер саны
1	бага	18
2	шенеунік, билік	15
3	бензин	9
4	егіс және егін жинау	6
5	Ресей	5
6	мұнай	4
7	өнім	2
	Жалпы	59

№1 кестеде бастапқы мәтіннің (саяси мақаланың) мазмұннан туынды мәтінді (интернет-түсіндірмені) шығару үшін түсіндірмешілер тандаған кілтті сөздердің тізімі берілді. Көпшілігі кілт сөз ретінде «бага», «Ресей», «шенеунік, билік», «егіс және егін жинау», «бензин», «мұнай», «өнім» сынды бірліктерді алған. Бұл көрсеткіш түсіндірмелердің бастапқы мәтінінде айтылған тақырып саласында жасалғаның, өз пікірлерін объективті түрде білдіргендігін көрсетеді.

Осы кілт сөздер бойынша бірнеше мысал көлтірейік:

**Алмаз 789.** Бағаны көтеруге кім рұқсат берді? Энергетика министрлігі қандай дағдарысты құтуде? Баға көтерілді, яғни бірдене болған шығар! Қазірдің өзінде балалар бензин бағасының өсуі азық-түлік, тауарлар, қызметтер бағасының өсуі екенін түсінеді! Мырзалар, қандай шара қабылдан жатырысыныздар? Оған кім жауап береді? Тағы да облыс әкімдері кінәлі ме? (**Алмаз789** Кто разрешил

поднять цену? Какой кризис ждёт Минэнерго? Цена поднялась, значит, уже что-то идет не так! Уже дети все понимают, что рост цен на бензин – это рост цен на продукты, товары, услуги! Ваши какие меры предприняты, господа? Кто за это отвечает? Опять акимы области виноваты?) [10]. **Алмаз 789** атты түсіндірмеші риторикалық сұрақ түрінде кілт сөздерді қолдана отырып саяси мәселені түсіндіреді. Ол өзінің құндылықтар жүйесіне маңызды болып табылатын барлық қажетті сұрақтарды қозгайды. Оның мәтіні, негізінен, саяси мәселеге объективті көзқарасын білдіретін «баға», «бензин бағасының өсуі» сынды кілт сөздер негізінде жасалады. Интернет-түсіндірмешінің мәтінін бұлай беру оқытын материалдың негізгі идеясына ішінара сәйкес келеді. Бұл жағдайда «баға» кілтті сөзі **Алмаз789** атты тілдік тұлғаның құндылық параметрін жеткізуге ықпал етеді. Түсіндірмеші бұл сөйлемде: «Қазірдің өзінде балалар бензин бағасының өсуін азық-тұлік, тауарлар, қызметтер бағасының өсуі екенін түсінеді!» («Уже дети все понимают, что рост цен на бензин – это рост цен на продукты, товары, услуги!»), – деп, өзінің көзқарасын нақты білдіреді. Ол, ең алдымен, азық-тұлік, тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне аландайды.

**Азамат555.** Енді азық-тұлік бағасы, содан кейін жолаушылар тасымалы, кейін қызметтер көтеріледі, бұл билік мұлдем пайдасыз, 30 жыл бойы ұйықтап жатыр, ештеңеге жауап бергісі келмейді. Германия соғыс кезінде өзінің техникасына жанармай жетіспегендіктен жеңіліп қалды, КСРО мұнай бағасының төмендеуіне байланысты құлады (**Азамат555**. Теперь цены на продукты поднимутся, потом на пассажирские перевозки, потом на услуги, эта власть абсолютно бесполезная, спят вот уже 30 лет, ни за что не хотят отвечать. Германия когда-то проиграла войну из-за отсутствия топлива для своей техники, СССР развалился из-за снижения цен на нефть) [10]. Түсіндірмеде «баға» кілт ретінде сөзі қолданылған. Бұнда **Азамат555** атты kommentator оны азық-тұлік, тасымалдау және қызмет бағасының өсуімен байланыстырады және жағдайды тарихи мысалдармен пайымдал, ойын жалғастырады. Көріп отырғанымыздай, түсіндірмешінің құндылық параметрлері басты семантикалық жүк арқалаған кілт сөздер арқылы көрінеді. Осылайша интернет-комментатор әлемінің қарапайым бейнесі суреттеледі. Нақтыласақ, оның әлемдік қарапайым бейнесінде бензин бағасының өсуі салдарынан күтілетін нәтиже сипатталады. Сондай-ақ kommentatorдың әлемге деген көзқарасы бойынша мәселені шеше алмаган билікке деген теріс көзқарас қалыптасады. Ол барлық тарихи маңызы бар оқиғаларды көтерілген проблемаға тіреп, оны жаһандық денгейге қарастырады.

**Хотаббыч.** 1948 жылғы 10 сәуірде КСРО Одағының Министрлер Кенесі орта есеппен келесі тауарларға бірыңғай мемлекеттік белшек сауда бағаларын төмендетуге шешім қабылдады: «Москвич» жеңіл автокөлігіне 10%, мотоциклдерге 20%, велосипедтерге 20%, аңышылық мылтықтарға 15%, тігін машиналарына 10%, «Рекорд» және «Родина» радиоқабылдағыштарға 10%, динамикалық репродукторларға 20%, патефондарға 20%, баяндарға 10%, аккордеондарға 12%, «Москва» фотоаппараттарына 10%, театрлық бинокльдерге 10%, металдан жасалған қалта және кол сағаттарына 12%, зергерлік күміс және металл галантереяларына 20%, пластмассадан жасалған көптеген тұтынатын тауарларға 20%, папиростар, сигаралар мен сигареттерге 10%, парфюмерлік-косметикалық тауарларға 10%, примустар, керогаздар мен электроплиталарға 10%, арақ, ликер-арақ бұйымдары, шаралтар мен алкогольсіз сусындарға 20%, қара уылдырыққа 10%, кета уылдырығына 20%, дәрумендерге 20% (**Хотаббыч.** 10 апреля 1948 года Совет Министров Союза ССР постановил снизить единые государственные розничные цены на следующие товары в среднем: автомобили легковые «Москвич» на 10%, мотоциклы на 20%, велосипеды на 20%, охотничьи ружья на 15%, швейные машины на 10%, радиоприемники «Рекорд» и «Родина» на 10%, репродукторы динамические на 20%, патефоны на 20%, баяны на 10%, аккордеоны на 12%, фотоаппараты «Москва» на 10%, бинокли театральные на 10%, часы металлические карманные и наручные на 12%, ювелирная серебряная и металлическая галантерея на 20%, ряд товаров широкого потребления из пластмасс на 20%, папиросы, сигары и сигареты на 10%, парфюмерно-косметические товары на 10%, примусы, керогазы и электроплитки на 10%, водка, ликероводочные изделия, вина, и безалкогольные напитки на 20%, икра черная на 10%, икра кетовая на 20%, витамины на 20%) [10]. Алдыңғы интернет-түсіндірмелердегідей, **Хотаббыч** атты kommentatorдың мәтіні де «баға» кілтті сөзі арқылы жасалады. Айырмашылығы: алдыңғы **Алмаз789** және **Азамат555** атты түсіндірмешілердің мәтіндері объективті түрде құрылған және мәтіндері мазмұндық (семантикалық) жағынан бастапқы материалдың негізгі идеясына сәйкес келеді. Ал **Хотаббыч** атты түсіндірмешінің мәтіні «баға» кілт сөзі арқылы жасалғанымен, семантикалық тұрғыдан жоғарыдағылармен сай келмейді. Онда саяси мақалада айтылғандай, бензиннің өсуі емес, пайыздық көрсеткішпен басқа тауарлар мен қызметтерде бұрын

болған баға төмендеуі сипатталады. Осылайша бастапқы мәтін идеясынан алшақтап, әлемді өз көзқарасы бойынша пайымдайды.

Енді «шенеунік» кілтті сөзі қолданылған интернет-түсіндірме мәтіндерін қарастырайық.

**Bova.** Елдегі шенеуніктердің бүкіл армиясын жұмыстан босату керек, өйткені елде бәрі күн сайын қымбаттаپ, қаржы жетіспеген кезде мемлекетке шенеуніктердің үлкен әскерін ұстаудың керегі шамалы! (**Bova.** Целую армию чиновников в стране надо уволить с работы, потому что многочисленную армию чиновников государству бесполезно соодержать в такое время, когда все дорожает с каждым днем и не хватает финансов в стране!). Интернет-түсіндірме мәтіндерін талдағанда бензин бағасының өсуіне себепші болған «шенеунік» кілт сөзі қолданылуы бойынша екінші орында түр. Өйткені комментаторлар қарапайым халықтың өкілдері болғандықтан, халық атынан сейлеп, олардың тілектерін білдіреді. Аталған жағдайда билік пен шенеуніктер болып жатқан барлық оқиғаларға кінәлі саналады. **Bova** деген лақап есімді комментатор өзінің мәтінін осы бағытта құрастырады. Ол барлық шенеуніктерді жұмыстан босатуды, осылайша бензинге ғана емес, басқа заттарға да бағаның өсу мәселесін тоқтатуды ұсынады. Көріп отырганымыздай, түсіндірмеші әлемге деген өзінің қарапайым көзқарасын «шенеунік» кілт сөзі арқылы білдіреді, оны пайдаласыз армия ретінде таниды.

**Атинең99.** Біздің елде кем дегенде бір құрылым тиімді жұмыс істей ме? Шенеуніктерді тыңдай қалсан, барлығы шығынға бата жұмыс жасайды. Наурызда Энергетика министрлігі өкілінің сөйлеген сөзінде энергия өндірушілер өзіндік құннан төмен энергия босатқандықтан, өздеріне шығынға жұмыс істейді. Электр энергиясының бағасын көтеру керек деді. 1 сәуірден бастап көтерді. Енді мұнай және бензинмен байланысты барлық адамдар шығынмен жұмыс істейді, өйткені олар да өзіндік құннан төмен бағамен босатылады деп айтуда. Сұрақ. Егер энергетика, мұнай, автожанармай қую станцияларының иелері шығынға жұмыс істесе, онда топ менеджерлерге жоғары еңбекақы қайdan келеді? Егер бизнес тиімсіз болса, жыл соңында пайда қайдан келеді? Шындал келгенде, шығынға жұмыс істейтін кем дегенде бір қәсіпкерді көрсетіңізші. Егер пайда болмаса, салықты, қызыметкерлерге еңбекақыны қалай төлейді? Сонда Қазақстанда қәсіпкерлер жоқ, тек еріктілер ғана ма. Біздің шенеуніктердің айтуынша, барлық ірі бизнестер үнемі шығынға ұшырайады. Елде тек шағын және орта бизнесте ғана кіріс бар ма сонда? Адамдарды күлдірменіздерші! Үкімет шенеуніктері бағаны көтеруді ғана емес, жұмыс істеуді қашан үйренеді? (**Атинең99.** У нас в стране хоть одна структура работает прибыльно? Как послушаешь наших чиновников, ну, прямо, все работают себе в убыток. В марте выступал представитель Минэнерго, который сказал, что производители энергии работают себе в убыток, т.к. отпускают энергию ниже себестоимости. Надо поднять цены на электроэнергию. С 1 апреля подняли. Теперь выступают и говорят, что все, кто связан с нефтью и бензином, также работают в убыток, т.к. отпускают ниже себестоимости. Вопрос: Откуда тогда такие бешенные з/п у топменеджеров, если, что энергетики, что нефтяники, что владельцы АЗС, работают в убыток? Если бизнес убыточен, откуда прибыль в конце года? Ну и, если честно, покажите хоть одного бизнесмена, который работает в убыток. Если нет прибыли, с чего будет платить налоги, з/п сотрудникам? Получается, что в Казахстане и бизнесменов тогда нет, одни волонтеры. Весь крупный бизнес, по словам наших чиновников, все время в убытке. Один малый и средний бизнес шикует в стране что ли? Не смешите уже людей! Когда уже чиновники из правительства научатся работать, а не просто цены поднимать?) **Атинең99** атты лақап есімді комментатор «шенеунік» кілт сөзін қолдану арқылы өз ойын жеткізеді. Бұл интернет-түсіндірме мәтінін бейнелейтін жаңа ойдың қалыптасуына түрткі болған. Ол бензин бағасының өсуі туралы саяси мәселені электр энергиясының, мұнай және т.б. бағаның өсуімен байланыстырады. Бағаның өсуіне, оның түсінігінше, жұмыс істей алмайтын шенеуніктер кінәлі. Комментатор өзінің дәлелдерін белгілі бір дәрежеде оған өзекті болып табылатын және әлемнің жеке құндылық бейнесін қалыптастыратын өмірден түрлі мысалдар келтіру арқылы түсіндіреді. Бұл құндылықтарды өзектендіру тілдік құралдарды қолдану негізінде байланыс процесінде жүреді.

### Қорытынды

Осылайша, лингвистикалық талдау кілт сөздердің қарапайым тілдік санасы пайда болатын комментаторлардың құндылық әлеуетін көрсететін байқатты. Зерттеу нәтижелері туынды мәтіндерде қолданылатын кілт сөздердің сандық деректерін салыстыру арқылы интернет-түсіндірмелердің мәтін сөзжасамының құндылық факторы деңгейін анықтауға ықпал етті. Тізімдегі

жетекші кілт сөздер (баға, Ресей, шенеунік, билік, егіс және егін жинау, бензин, мұнай, өнім) тілдік тұлға мәтінін өндірудің объективтілігімен қатар, субъективті жағын да көрсетеді.

Кілт сөздер арқылы түсіндірмешілер тек саяси көзқарасты ғана емес, сонымен бірге осы мәселені өзінің дүниетанымы бойынша ұсынуды, ел үшін және оның болашағы үшін тілек, ішкі тебіреністі де білдіреді.

*Мақала КР БФМ негізіндеgi AP08053314 «Көзам мен мемлекеттің жандандыру жағдайында ұлттық әлем бейнесі құндылықтарын қалыптастыру мәселесі (қазақстандық қарапайым саяси дискурсы материалдары негізінде)» жобасы шеңберінде орындалды.*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Баранов А.Н. Политический дискурс: методы анализа тематической структуры и метафорики / А.Н. Баранов, О.В. Михайлова, Г.А. Сатаров, Е.А. Шипова. — М.: Фонд «ИНДЕМ», 2004. — 94 с.
- 2 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание: моногр. / Б.А. Ахатова. — Алматы: Экономика, 2006. — 302 с.
- 3 Чудинов А.П. Политическая лингвистика: учеб. пос. / А.П. Чудинов. — М.: Флинта; Наука, 2006. — 256 с.
- 4 Опарина И.Г. Интернет в современном обществе (социально-философский анализ): автореф. дис. ... канд. филос. наук: спец. 09.00.11 — «Социальная философия» / И.Г. Опарина. — Красноярск, 2005. — 24 с.
- 5 Аагюлова С.И. Концепт «Интернет» в обиходном и профессиональном языковом сознании: автореф. дис. ... канд. филол. наук: спец. 10.02.19 — «Теория языка» / С.И. Аагюлова. — Волгоград, 2010. — 22 с.
- 6 Северина Е.А. Жанры коммуникации в интернет-среде / Е.А. Северина // Вестн. МГЛУ. — 2013. — № 15 (675). — С. 206–215.
- 7 Горошко Е.И. Новые тенденции в развитии интернет-лингвистики: общение от клавиатуры (звука) к экрану (звуку) / Е.И. Горошко // Верхневолж. филол. вестн. — Ярославль, 2016. — № 4. — С. 148–153.
- 8 Лебедева Н.Б. Жанры естественной письменной русской речи: студенческое граффити, маргинальные страницы тетрадей, частная записка / Н.Б. Лебедева. — М.: Красанд, 2011. — 256 с.
- 9 Холодковская Е.В. Особенности синтаксиса англоязычного интернет-комментария социальной сети Facebook / Е.В. Холодковская // Вестн. ВолГУ, 2014. — № 1. — С. 79–83.
- 10 Сайт Nur.kz [Электронный ресурс]. — Режим доступа <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan-economy/1907061-200-tenge-za-litr-benzin-rezko-podorozhal-v-kazahstane/>
- 11 Бең М.В. Аксиологическая соотнесенность текста информационно-аналитической статьи и комментария в виртуальном пространстве Рунета: дис. ... канд. филол. наук / М.В. Бең. — Кемерово, 2012. — 189 с.
- 12 Залевская А.А. Психолингвистический подход к проблеме концепта / А.А. Залевская // Методологические проблемы когнитивной лингвистики: науч. изд.; под ред. И.А. Стернина. — Воронеж: ВГУ, 2001. — С. 36–44.

С.Ж. Ергалиева, М.А. Уайханова, С.В. Оленев

### Лингвоаксиологический потенциал политического дискурса (на материале казахстанских интернет-комментариев)

Объектом исследования являются казахстанские политические интернет-комментарии. Выбор объекта обосновывается развитием информационных технологий, которые способствовали появлению разного вида жанров, где взаимосвязь языка и человека изучается в ином лингвистическом направлении. Цель исследования – определить ценностный фактор текстопорождения казахстанских политических интернет-комментариев в лингвоаксиологическом аспекте. Предмет исследования – соотнесенность ценностного потенциала исходного текста и ценностных установок виртуальной языковой личности, реализуемых в интернет-комментариях. Для изучения данного объекта использовались методы сбора и контекстуального анализа теоретического материала, сравнительные, обобщающие, описательные методы и метод количественной обработки данных. Исследование изучаемого объекта базируется на модели текстодериватологического и лингвоаксиологического анализа производных текстов, которые рассматриваются в формальном, содержательном и функциональном планах. Результаты исследования показали, что тексты казахстанских интернет-комментариев преобладают над ценностным потенциалом. Уровень ценностного потенциала обыденного политического дискурса был выявлен количеством употребляемых ключевых слов исходного текста в продуцировании вторичных текстов. Научная новизна исследования заключается в лингвоперсонологическом и лингвоаксиологическом осмыслении доминанты текстовой деятельности при порождении интернет-комментариев в казахстанском виртуальном пространстве.

*Ключевые слова:* ценностный, политический, дискурс, комментарий, ключевое слово, процесс связи, интернет-лингвистика.

S.Zh. Yergaliyeva, M.A. Uaikhanova, S.V. Olenev

## Linguoaxiological Potential of Political Discourse (based on Kazakhstan's Internet comments)

The object of the research is Kazakhstan's political Internet commentaries. The choice of the object is justified with the development of information technologies, which contributed to the emergence of various types of genres, where the relationship between language and a person is studied in a different linguistic direction. Determining the valuable factor of the text generation of Kazakhstan's political Internet commentaries in the linguoaxiological aspect is the aim of the study. The subject of the research is the correlation of the valuable potential of the source text and the valuable attitudes of the virtual linguistic personality, realized in the Internet comments. To study this object, methods of collection and contextual analysis of theoretical material, comparative, generalizing, descriptive methods and a method of quantitative data processing were used. The examined object is based on the model of text-derivatological and linguoaxiological analysis of derived texts, which are considered in formal, content and functional terms. The results of the study showed that the texts of Kazakhstan Internet comments prevail with value potential. The level of the valuable potential of everyday political discourse was revealed by the number of used keywords of the original text in the production of secondary texts. The scientific novelty of the research lies in the linguo-personalological and linguoaxiological comprehension of the dominant textual activity when generating Internet comments in the Kazakh virtual space.

*Keywords:* valuable, political, discourse, commentary, key word.

### References

- 1 Baranov, A.N., Mikhailova, O.V., Satarov, G.A., & Shipova, E.A. (2004). *Politicheskii diskurs: metody analiza tematicheskoi struktury i metaforiki* [Political discourse: methods of analyzing thematic structure and metaphor]. Moscow: «INDEM» Foundation [in Russian].
- 2 Akhatova, B.A. (2006). *Politicheskii diskurs i yazykovoe soznanie* [Political discourse and linguistic consciousness]. Almaty: Ekonomika [in Russian].
- 3 Chudinov, A.P. (2006). *Politicheskaya lingvistika* [Political linguistics]. Moscow: Flinta; Nauka [in Russian].
- 4 Oparina, I.G. (2005). *Internet v sovremenном obshchestve (sotsialno-filosofskii analiz)* [Internet in modern society (socio-philosophical analysis)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Krasnoyarsk [in Russian].
- 5 Agagulyova, S.I. (2010). *Koncept «Internet» v obikhodnom i professionalnom yazykovom soznanii* [Concept «Internet» in everyday and professional linguistic consciousness]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Volgograd [in Russian].
- 6 Severina, E. A. (2013). *Zhanry kommunikatsii v internet-srede* [Genres of communication in the Internet environment]. *Vestnik MGLU — Bulletin MGLU*, 15 (675), 206–215 [in Russian].
